

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 214 (9532) || 1954 жылғы 27 октябрь Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

Мал қоралары қасына жемшөп көп тасылсын

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында мал шаруашылығын жедел өркендетудің еліміз үшін зор тұрмыстық маңызы бар және бұл көзінгі уақытта партия мен мемлекеттің ауылшаруашылығы саласындағы ең шұғыл міндеті болып саналады деп атап көрсетілді. Мұның өзі жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан, колхоз, совхоз мал өсірушілерінен қоғамдық мал басын көбейтумен бірге, оның өнімділігін еселеп арттыруды талап етеді.

Облыс колхоздары мен совхоздары өздерінің жылма-жылғы іс тәжірибелерінен мал шаруашылығының өркендей түсуі, мал қыстату маусымының ұйымдасқан түрде өтуіне тікелей байланысты екенін айқын көріп келеді. Ал мал қыстатуға қаралық жағынан мұқият әзірленбейінше оны табысты өткізуге болмайды.

Мал қыстату үлгілі әзірлікпен басталған шаруашылықтарда қыс мал қозы төмендейді және олардан алынатын өнім жазғы маусымдағыдан кемімейді. Өткен жылы Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары, мал қыстатуды тыңғылықты әзірлікпен бастады. Мұның өзі игі нәтижесін берді де, қыс күндері мал шығыны болған жоқ. Мал шаруашылығының өнімділігі, әсіресе сыырлардың сүттілігі едәуір артты.

Көзір мал қыстатуға әзірлік жұмыстарының шешуші күндері тұды. Облыс еңбекшілері өздерінің барлық мүмкіншіліктерін жемшөпті мол дайындауға, мал қораларын көптеп салуға, ескі қораларды сапалы жөндеуге жұмылдыруда. Бұл кезде осылармен қат-қабат жүргізілуге тиісті жұмыстың бірі—қоралар қасына дайындалған мал азығын тасу. Дайындалған жемшөпті қоралар қасына осы кезде тасып алу мал қыстатуды табысты өткізуге қолайлы жағдай жасайды.

Мал азығын көзінгі уақытта тасуды ұйымдастырмаған колхоз, совхоздар қысты күндері елеулі қиыншылықтарға кездеседі. Өйткені ондай шаруашылықтар қыстың суық, боранды күндері қоралар қасына жемшөп тасуға мәжбүр болады. Мұнымен бірге жемшөптің біріз бөлегі қар астында қалып, ырап болуына жол берілмейді.

Жемшөп мал қоралары қасына түгел

қасына тасып алды. Бұл істе колхозшыларға Чистян МТС-нің механизаторлары қолма-қол көмек көрсетті. Осы сыяқты, Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозының колхозшылары қоғамдық малға жеткілікті мөлшерде жемшөп әзірлеп, оны қоралар қасына тасып алды.

Дегенмен облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарында жағдай бірдей емес. Көптеген колхоз басшылары мал қоралары қасына жемшөп тасуға кезінде көңіл бөлмей, бұл жұмысты шөп штабу, жыйнау жұмыстарымен ұштастыра жүргізе алмады. Тіпті кейбір колхоздардың басшылары МТС-тердің трактор күшіне сеніп, бұл іске күш көлігін пайдаланбау сыяқты зиянды пікірде болды.

Бұл жөнінде мысалға Совет ауданындағы «Красное поле» колхозын алуға болады. Мұнда осы уақытқа дейін жемшөптің денін қоралар қасына тасып алуға мүмкіншіліктер болды. Бірақ колхоз председатели Яковлев жолдас жемшөп тасуға көлік күшін көріне-көзге бөлмеді. Осы себепті колхозда бірде-бір тонна шөп қоралар қасына тасылған жоқ. Бұл жөнінде колхозға Сартмар МТС-нің көмегі мейлінше қанағаттанғысыз болып отыр. МТС басшылары жемшөп тасуға бірде-бір трактор бөлмеген.

Мал қоралары қасына жемшөп тасу жайы Мамлют, Соколов аудандарының колхоздарында да мүлде қанағаттанғысыз жүргізілуде. Аталған аудандардың МТС-тері бұл істе шешуші роль атқара алмай келеді. Вильямс атындағы, Чапаев атындағы, Соколов МТС-терінің басшылары жемшөп тасуға тракторларды бөлу, сөйтіп әрбір колхозда қоралар қасына жемшөпті мол тасылуды қамтамасыз ету ісімен шұғылданбай жүр. Олар МТС қамтуындағы әрбір колхозда жемшөптің көптеп тасылудына жауапты екендіктерін ұмытуға тиіс емес.

Возвышен совхозында осы уақытқа дейін бірқатар тракторлар босқа қарап тұрды. Кейбір тракторлар түнгі сменаларда жұмысқа мүлдем қатысқан жоқ. Егер осы тракторлар жемшөп тасуға қатыстырылған болса, онда совхоз бұл уақытқа дейін дайындалған 7851 тонна шөпті қораларға түгелдей тасып алған болар еді. Бірақ совхоз директоры Богинич жолдас бұл жұмыстың тыңғылықты ұйымдастырылуын қамтамасыз етпеді. Керек десе, ол жемшөп тасуға көлік күшін де бөлмеді.

Тәжік ССР Жоғарғы Советіне Тәжік ССР Министрлер Советіне Тәжікстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы, ССР Одағының Министрлер Советі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Советтік Тәжікстанның жұмысшыларын, колхозшыларын, интеллигенциясын, барлық еңбекшілерін даңқты мерекемен—Тәжік Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына жыйырма бес жыл толуымен қызу құттықтап, сәлем жолдайды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы тәжік халқын феодализм-байшылық және капиталистік қанаудан және патша самодержавиясының ұлттық-отарлық езгісінен мәңгі азат етіп, Тәжікстан еңбекшілерінің еркін, қуанышты тұрмыс орнатуына кең мүмкіндіктер ашып берді.

Коммунистік партияның лениндік-сталиндік данышпандық ұлт саясатының жүзеге асырылуы нәтижесінде еңбекші тәжіктер ССРО-ның барлық туысқан халықтарының көмегімен өз мемлекетін құрып, бұрынғы патшалық империяның шаруашылық пен мәдениет жағынан бұрын артта қалған шет аймағын еркін және гүлденген, индустриялы-колхозды социалистік республикаға айналдырды.

Совет өкметі жылдарында Тәжікстанның жұмысшы табы өсіп, есейді, ол еңбекші шаруалармен одақтасып, социалистік құрылыста ірі табыстарға жетті.

Советтік Тәжікстанның еңбекшілері көп салалы өнеркәсіп құрды. Ұсақ майдагерлік-көленер мастерскойларының орнына республикада кен-руда, тас көмір, металл өңдеу, мақта тазалау тоқыма, тамақ өнеркәсіптерінің ірі кәсіпорындары салынды, энергетика базасы құрылды.

Колхоз құрылысының жеңісі ең жаңа ауылшаруашылық техникасымен жабдықталған және көзінгі заманғы ирригациялық құрылыстардың кең жүйесіне ие болып отырған республиканың ауыл шаруашылығын тез қарқынмен өркендетуді қамтамасыз етті. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері колхоз

және совхоз өндірісінің барлық салаларын, ең алдымен Тәжікстан экономикасының жетекші саласы—мақта шаруашылығын жаңадан шұғыл өрге бастыру үшін белсене күресуде. Соңғы бесжылдықтың ішінде республикада мақта өгісінің көлемі анағұрлым артты, ал шитті мақтаның жалпы түсімі екі есе дерлік молайды. Тәжік мақташылары өздерінің тамаша шеберлігімен бүкіл елімізге даңқын шығарды.

Тәжік халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті үздіксіз өркендеп, гүлденуде. Бұрын артта қалған, қараңғылықта болған өлке—Тәжікстан көзінгі уақытта алдыңғы қатарлы советтік мәдениеті бар республика болып табылады. Тәжік ССР-інде мектептердің, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының кең жүйесі құрылды. Мемлекеттік университет, Ғылым академиясы, театрлар, жүздеген клубтар, кітапханалар, оқу үйлері мен мәдениет үйлері жұмыс істеуде. Республикада тәжік совет интеллигенциясының—инженерлердің, техниктердің, агрономдардың, мұғалімдердің, дәрігерлердің, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің көп мыңдаған отряды өсіп жетілді.

Совет өкметі бұрын күндікте езілген, правосы болмаған тәжік әйелдерін толығымен азат етіп, тәжік әйелдері көзінгі уақытта коммунистік құрылыстың барлық салаларына еркектермен бірдей қатысуда.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССР Одағының Министрлер Советі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Советтік Тәжікстан еңбекшілерінің республиканың шаруашылығы мен мәдениетін онан әрі көркейту жолындағы күресте табыстарға жетуін тілейді және олар ССРО-ның барлық халықтарының туысқан семьясында елімізде коммунизмнің салтанат құруы жолындағы күрестің ұлы ісіне жаңа үлес қосады деп берік сенеді.

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
ПРЕЗИДИУМЫ

ССР ОДАҒЫНЫҢ
МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ
КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ТЕЛЕГРАММА

Советтік Социалистік Республикалар Одағы
Жоғарғы Советінің Президиумына
Советтік Социалистік Республикалар Одағының
Министрлер Советіне
Совет Одағының Коммунистік партиясының
Орталық Комитетіне

Герман Демократиялық Республикасының президенті, Герман Демократиялық Республикасының Министрлер Советі және

үшін қандай қауіпті екенін барған сайын терең түсінуде. Олар Германияны бейбітшілік және демократиялық негізде неғұрлым

Тәжік ССР Жоғарғы
Советінің мерекелік
сессиясы

СТАЛИНАБАД, 24 октябрь. (СОТА). Кеше мұнда республиканың құрылғанына 25 жыл толуына арналған Тәжік ССР Жоғарғы Советінің мерекелік сессиясы болып өтті. Тәжіктің мерекесідей безендірілген опера және балет театрына Тәжік ССР Жоғарғы Советінің депутаттары және көптеген қонақтар—өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озықтары, ғылым, мәдениет, искусство қайраткерлері, Совет Одағының барлық туысқан республикаларының делегациялары лық толды.

Сессияға Индия-Совет мәдениет байланысы қоғамының делегация мүшелері, ағылшын-совет достығы Қоғамының президенті «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты доктор Хьюлетт Джонсон қатысты.

Сессияны қысқаша кіріспе сөз сөйлеп, Тәжік ССР Жоғарғы Советінің Председатели Б. Жабаров ашты.

Тәжік Советтік Социалистік Республикасының 25 жылдығы туралы Тәжік ССР Министрлер Советінің Председатели Д. Расулов баяндама жасады.

Баяндаманы Коммунистік партияның басшылығымен республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуде тәжік халқының қол жеткен табыстары туралы, ұлы орыс халқының, Совет Одағының басқа да туысқан халықтарының тәжіктерге көрсеткен зор көмегі туралы ерекше атап өтті.

Сессияда ССРО Министрлер Советі Председателиның орынбасары А. М. Косыгин сөз сөйледі.

Косыгин жолдас ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің, СОКП Орталық Комитетінің Тәжік ССР Жоғарғы Советіне, Министрлер Советі мен Тәжікстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне құттықтауының текетін оқыды.

Жыйналғандар құттықтауды қызу қол шапалақтаумен қарсы алды.

Сессияға қатысушылар зор жігермен ССР Одағы Жоғарғы Советіне, ССРО Министрлер Советіне, Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне құттықтау хат қабылдады.

Сессияға қатысушылар туысқан одақтас республикалар делегациялары басшыларының сөйлеген сөзін қызу қарсы алды.

Сессияда доктор Хьюлетт Джонсон құттықтау сөз сөйледі.

Тәжікстандағы мерекелік

тасығанда мал фермаларында қолда бар мал азығының нақты есебін біліп отыруға мүмкіншілік туады. Сонымен бірге, жемшөптің мал қоралары жанына тасылып жеткізілуі арқылы қыс уақытында көптеген жұмысшы күші босайды. Бұл ірі сабақты азықтарды малға турап, буландырып беруді қамтамасыз етеді. Сөйтіп фермадағы жұмыстарды жеңілдетеді.

Дайындалған мал азығын фермаларға тасып алудың осындай ерекшеліктерін жете түсінген бірқатар колхоздар мен совхоз басшылары бұл іске колхозшылар мен жұмысшыларды ерте жұмылдыра білді.

Бұл жөнінде Полудень ауданының колхоздарында істелген жұмыстарды мысалға алуға болады. Ауданның көпшілік колхоздарының басшылары шөп шабу, жыйнау және жемшөпті мал қоралары қасына тасу жұмыстарын бір бірімен ұштастыра жүргізді. Жемшөп тасуға әрбір колхозта арнаулы бригада ұйымдастырылды. Бұл іске Полудень және Ново-Георгиев МТС-тері бірнеше трактор бөлім, ол тракторлардың екі сменада жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Жемшөп тасуда, әсіресе Сталин атындағы колхоз ерекше көзге түсті. Мұнда жыйналған пішен күнбе-күн мал қоралары қасына тасылып отырылды. Аудандық партия комитеті мен Совет атқомі мал қораларына жемшөптің тасылу жайымен үнемі шұғылданып, істе орын алған кемшіліктерді жоюдың, шешуші шараларын белгілеп және оның мінсіз жүзеге асырылуын колхоз басқарушылары мен бастауыш партия ұйымдарынан қатаң талап етіп отырды. Мал азығын тасуға осындай жете көңіл бөлінгендіктен бұл ауданда дайындалған мал азығының көпшілігі көздің өзінде қоралар қасына тасып алынды.

Колхоз ауданындағы Куйбышев атындағы колхоз да мал азығын тасуда басқа колхоздарға үлгі боларлықтай. Мұнда есі уақытқа дейін 15 мың центнердей жемшөп дайындалса, оны колхозшылар түгелдей жауын-шашынға тигізбей, қоралар

тоннадай ғана жемшөп тасыған.

Көзгі уақыт жемшөпті мал қораларына тасып алудың ең қолайлы мерзімі. Сондықтан колхоз, совхоз басшылары бұл іске барлық мүмкіншіліктерді жұмылдырып, фермаларға жемшөптің күні-түні бірдей тасылуын ұйымдастырулары керек. Бұл іске күш көліктері мен тракторлар жете пайдалануға тиіс. Кейбір МТС-тердің басшылары мал азығын тасу МТС-тердің міндеті емес деген пікірде жүр. Бұл дұрыс емес. МТС-тер мал азығын қоралар қасына тасуда колхоздарға қолма-қол көмек көрсетуге міндетті. Сондықтан әрбір фермаға мал азығын тасуға тракторлар бөлініп, ол тракторлардың күні-түні бірдей жұмыс істеуі қамтамасыз етілуі керек.

Жекелеген колхоздар мен совхоздардың басшылары трактор күшіне сеніп, жемшөп тасуға күш көліктері мен жұмыс адамдарын бөлмеді. Мұндай зиянды әдетке жол берілмеуге тиіс. Әрбір колхозда, фермада мал азығын тасыйтын бригадалар ұйымдастырылып, ол бригадаларға күш көлігі, адамдар жеткілікті бөлініп, өнімді жұмыс істеуіне мүмкіншіліктер туғызылуы керек.

Облысымызда мыңдаған гектар егінің сабаны мен топаны жыйналмастан жатыр. Колхоз, МТС, совхоз басшылары барлық назарды сабан мен топанның тезінен жыйналуына және қоралар қасына тасуына аударулары қажет. Сабан мен топан фермаларға көптеп тасылған жағдайда ғана оларды малға турап, буландырып беруге мүмкіншілік туады.

Жемшөпті қоралар қасына көптеп тасу мал қыстатуды өткізуді жеңілдететіндігін жоғарыда атап айттық. Сондықтан да жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары бұл іске айырықша маңыз беріп, дайындалған азықтың қораларға түгелдей тасып алынуына жетісуге, ол үшін жемшөп тасуға күш көлігінің, техника күшінің өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қарағанды облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Қарағанды облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылы қарағанда, мемлекетке 536 мың пұт астық артық тапсырылды. Колхоздар МТС жұмысы үшін тапсырылған есептер бойынша және мемлекетке сату ретінде әлі де астық тапсыруда, колхозшылардың еңбеккүндеріне астық беруде.

Облыс колхоздары мен совхоздары 1955 жылдың егісі үшін өздерін тұқыммен толық қамтамасыз етті, көзгі уақытта зяб жырту жұмыстары жүргізілуде және мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізуге дайындалуда.

Ақмола облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Ақмола облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың және астық сатудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылы қарағанда, 20726 пұт астық артық тапсырылды. Облыс колхоздары МТС жұмысы үшін тапсырылған есептер бойынша және мемлекетке сату ретінде әлі де астық тапсырып жатыр, тұқым құю және колхозшылардың еңбеккүндеріне астық беру жұмыстарын жүргізуде.

Германияның социалистік біртұтас партиясының Орталық Комитеті Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына бес жыл толуымен байланысты үкімет делегациясы тапсырған сәлемдеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғыс айтады.

Герман Демократиялық Республикасындағы жұмысшы-шаруа үкіметі неміс жұмысшы табының қуатты жігері мен инициативасына, көздің өзінде қол жеткен саяси, экономикалық және мәдени табыстарға сүйене отырып, бұдан былай да нығая береді.

Отанымыздың Шығысы мен Батысындағы неміс патриоттары Батыс Германияда милитаризмді қайта тудырудың бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін және Германияның болашағы

Совет Одағы халықтарының сенімі мен достығы неміс халқы үшін баға жетпес зор көмек және борыш болып табылады.

Неміс халқының демократияшыл және бейбітшіл күштерінің Германияның бірлігін қалпына келтіру жолындағы күресінде Совет Одағы оларды барынша қолдайды деген Молотов жолдастың жақында берген уәдесін неміс патриоттары зор қуанышпен және алғыс айтқан сезіммен қарсы алды. Олар өділетті іс үшін — неміс мәселесін шешу үшін онан әрі тынбастан күресе береді және біртұтас, тәуелсіз, бейбітшіл, демократиялық Германия құру жолындағы күресімен Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету ісіне өз үлесін қосады.

Герман Демократиялық Республикасының президенті.
Герман Демократиялық Республикасының Министрлер Советі.
Германияның социалистік біртұтас партиясының Орталық Комитеті.

21 октябрь, 1954 жыл. Берлин.


АГРЕГАТ ТА КӨП—ӨНІМ ДЕ МОЛ

КРАСНОКАМСК. (Москва облысы), 25 октябрь. (СОТА). Каманың целлюлоз-қағаз комбинатының коллективі онайлық жоспардан тыс өнім беруде. Қолда бар агрегаттардың өзімен-ақ ол өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда, 7 мың тонна қағазды, 20 миллион тетрадьды артық шығарған болатын.

Көзгі барлық қағаз жасайтын машиналар жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуде. № 4 машинамен қағаз жасаудың жылдамдығы минутына 296 метрге дейін жетті. Мұндай жоғары көрсеткішке тұңғыш рет қол жетіп отыр. Қағаз фабрикасында Сусталовтың, Черемныхтың, Утробиннің, Мазулиннің, Паньковтың бригадалары жақсы жұмыс істеуде. Олардың әрқайсысы октябрь айында жоспардан тыс 45-50 тоннадан қағаз өндірді.

СОКП Орталық Комитетінің Ұрандарына жауап ретінде қағаз жасаушылар 7 ноябрьге дейін бұдан бұрын белгіленген 950 тонна қағаздан басқа, жоспардан тыс 900 тонна қағаз шығармақ.

ӨНЕРКӘСІП—АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА



Москваның экспериментальді ауыл шаруашылығы машиналары жасау заводы өртүрлі парник жұмыстарына арналған ең жаңа парник комбайнын құрастыруды аяқтады. Жаңа машиналар парниктердің бетін ашып, топырақ себеді, шымтезек-шірінді құмыраларын отырғызады, культивация лау мен жер қыртысын қопсыту, сол сияқты, суару жұмыстарын жүргізеді. Бұл комбайн электр сөз арқылы жұмыс істейді. СУРЕТТЕ: жаңа комбайнды сынаққа салуға дайындау.

СТАЛИНАБАД, 24 октябрь. (СОТА). Тәжік халқы өз республикасының даңқты жыйырмабес жылдығын қуанышпен және салтанатты түрде атап өтуде. Советтік Тәжікстанның қалалары мен селолары мерекелік түрге бөленген.

Республика астанасы — Сталинабад көрікті. Жаз күндеріндегідей ыстық күннің жарқыраған сәулесі астында мереке жасауымен безенген қала ерекше әсем болып көрінеді.

Бүгін таңертеңнен бері көшелер қуанышты халыққа лық толы. Салтанатты Қызыл алаң. Орталық трибунаның үстінде СССР-ның Мемлекеттік жалауы, барлық 16 туысқан республикалардың жалаулары.

Бүгін мұнда Тәжік ССР-ның жыйырмабес жылдығы құрметіне әскери парад және Сталинабад еңбекшілерінің демонстрациясы болды.

Таңертеңгі сағат 10. Трибунаға ССР Одағы Министрлер Советі Председателінің орынбасары А. М. Косыгин, Тәжікстан КП Орталық Комитетінің секретары Б. Гафуров, Тәжік ССР Министрлер Советінің Председателі Д. Расулов, Тәжік ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. Додхудоєв, Тәжік ССР Жоғарғы Советінің депутаттары, туысқан одақтас республикалар делегацияларының басшылары шықты. Алаңда өнеркәсіп кәсіпорындарының озаттары, ғылым және мәдениет қайраткерлері, туысқан республикалар делегацияларының мүшелері, сол сияқты Англиядан келген қонақ доктор Хьюлетт Джонсон болды.

Әскери парадтан кейін демонстрация басталды, оған 150 мыңға жуық адам қатысты.

Тәжікстан астанасы еңбекшілерінің мерекелік салтанаты тәжік халқының Коммунистік партияға және Совет Үкіметіне деген зор сүйіспеншілігінің, оның барлық күшін елімізде коммунизм жемісінің ісіне жұмсауға дайын екендігінің сипаттамасы болды.

„Грознефть“ бірлестігі онайлық жоспарды орындады

ГРОЗНИЙ, 25 октябрь. (СОТА). Бүгін «Грознефть» бірлестігі сұйық жанар май өндірудің онайлық жоспарын орындады, мұнай скважиналарын проходкалаудың онайлық программасы едәуір асыра орындалды.

Октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыста жылдық жоспарды орындағаны жөнінде рапорт берген Старогрозненск бұрғылау конторының коллективі ірі табыстарға жетті. Мұнда жаңа техника көңінен пайдаланылуда, бұрғылау жұмыстарын жүргізудің прогрессивтік әдістері — көпқатарлы және кусталық бұрғылау әдістері меңгерілді. Осының нәтижесінде проходкалаудың жылдамдығы жыл басынан бері 20,2 процент арттырылды. Жанар майлардың өзіндік құнын кеміту есебіне біржарым миллион сомға жуық қаржы үнемделді.

Маркстік-лениндік тесрияны үйренушілерге көмек

ХАЛЫҚ — ТАРИХТЫ ЖАСАУШЫ

Совет халқының — социализмге бірінші болып жол салған, елімізде жаңа, социалистік қоғам орнатып, империализмдік жыртықтарға қарсы күресте оның тәуелсіздігін қорғап қалған жасаушы халықтың, Европа мен Азияның көптеген елдерін фашизмнің құлдығынан құтқарған азат етуші халықтың қаһармандық ерлік істері тарихтың шежірелерінде мәңгі бейнеленді. Социалистік революция жылдарында еліміз өзінің бейнесін түбірімен өзгертті: ол ескі құрылыстан мұра болып қалған артта қалушылықты жойып, тарихи прогресс жолымен өлшеусіз өрлеп алға басты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын совет халқы тарихы жаңа жеңістермен қарсы алады. Коммунистік партияның басшылығымен ССРО еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарды орындау үшін күресіп, халық шаруашылығын жаңадан өрге бастыруға, бүкіл халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениетін онан әрі арттыруға ұмтылып келеді.

Совет адамдарының асқан зор табыстары халықтың бойындағы творчестволық күштердің қандай сарқылмас мол екенін бүкіл дүние жүзіне айқын көрсетіп отыр. Бұл табыстар халықтан қорқып, оған жаңа жауып отырған, халық бұқарасы мәдениетті жасай алмайды, ол тек мәдениетті бүлдіре алады-мыс дейтін буржуазияшыл саясатшылар мен социологтердің дәлелдерін толығымен бекерге шығарады. Совет халқының творчестволық, игілікті жұмысының өнегесі халық бұқарасын тарихи прогрестің шешуші күші деп қарайтын марксизм-ленинизм ілімінің терең маңналы шындығын практика жүзінде дәлелдеп отыр.

* * *

Тарих ғылымының барлық басқа да түрлі мәселелеріндегі сыяқты, халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы мәселеді шешуде бір-бірімен бітіспейтін дүниенің екі бағыт — материализм бағытымен идеализм бағыты бір-біріне қарама-қарсы тұр. Тарихта идеялар, адамдардың көзқарастары басты роль атқарады деп санап, идеализм өкілдерінің көпшілігі идеялардың жасаушылары — аса үдік адамдар, идеологтер, заң шығарушылар, тағы сондайлар тарихты жасайды деген қорытындыға келіп жүр. Халықтың творчестволық күшіне сенбейтін мұндай көзқарас тарихи даму заңдарын мойындамауға сөзсіз әкеліп соқтырады. Субъективист-социологтердің бейнелеуіне, тарих тағдырдың жазылмышынан немесе ұлы адамдардың өмірбаяндарының жеке ерекшеліктерінен туатын кездейсоқ істердің қайдағыбір жыйындығы боп көрінеді.

Идеализмнің басқа өкілдері де тарихта идеялар шешуші роль атқарады деп санап, бұл идеялардың таратушысы «дүниежүзілік ой-сана» құдайлар, тағы сондайлар деп қарайды. Олар тарихтың даму барысы жоғарыдан күнделігі белгіленген, ал адам

рихы — ең алдымен өндірістің даму тарихы, ғасырлар бойы бірін-бірі ауыстырып отыратын өндіріс тәсілдерінің тарихы. Ал, өндіріс процесінің басты күші әрқашан да еңбекшілер бұқарасы болып келді және болып отыр, осы еңбекшілер бұқарасының қолымен материалдық игіліктер өндірілуде.

Буржуазияшыл тарихшылар тарихты көп жағдайда билеуші династиялардың тұрмысын, князьдердің өзара қырқысуын, соғыстарды және сондайларды баяндау мен ғана тыңдырады. Соның өзінде олар тарихтың басты мазмұнына — өзінің басым бөлегі халық болып табылатын миллиондаған адамдардың күнбе-күнгі өндірістік қызметіне назар аудармайды. Л. Н. Толстой, өзінің тарихқа жалған діни-фаталистік көзқарасы бола тұрса да, көптеген тарихи шығармалардың осындай түбірлі кемшілігін дұрыс атап көрсетті. Ол Солоньевтің «Тарихын» оқыған кезде, мынадай ескертпе жасады: «...қалай танағаны, билеп-төстегені, соғысқаны, күйзелткені туралы оқығаныңда (тарихта тек осы туралы ғана әңгіме болады): нені тонады және нені күйзелтті? — деген сұрақ еріксіз туады. Ал бұл сұрақтан екінші сұрақ туады: күйзелткен дәулетті кім өндірді екен? Осы халықтың бәрін кім және қалай нанмен асырады екен? Патшалар мен боярлар киіп алып маңғазданған қамқаларды, шұғаларды, киімдерді, оқаларды кім жасады екен? Елшілерге сый ретінде тартысқан қарасур түзкілер мен бұлағындарды кім ұстады екен, алтын мен темірді кім өндірді екен, жылыны, өгізді, қошқарды кім өсіріп шығарды екен, үйлерді, сарайларды, шіркеулерді кім салды екен, товарларды кім тасыды екен? Бір-бірімен өрбіген осы адамдарды кім тәрбиелеп, кім тапты екен?».

Әлбетте, Египетте пирамидалар жасарған, Рим рудниктерінде ауыр азынмен жұмыс істеген құлдар, помещиктердің егін даласында, барщина өтеген шаруалар өздерінің тарихты жасаушылар екенін, сезбеді және сезе алмады. Бірақ олардың, тосынан қарағанда, көзге көрінбейтін күнделікті өндірістік қызметі тарихты ілгері бастырып, адамзаттың тағдырын патшалық құрған жоралғылар мен жаулап алушылардың еркінен гөрі өлшеусіз зор дәрежеде белгілеп берді.

Бірақ бұдан социализмге дейін болған барлық формацияларда халық бұқарасы тарихты санасыз жасапты-мыс деген ұғым тұмайды. Өшіп бара жатқан құрылысқа қарсы революциялық тап күресінде, ұлы азаттық соғыстары мен ұлттық қозғалыстарда еңбекшілер бұқарасы тарихтың сахналы творчествосына дейін көтерілді. Өлеу меттік революциялар заманы адамзат тарихындағы ерекше сыйпаты бар змзаян, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарды дамытудағы стихиялық қыймылдар алдыңғы қатарлы таптардың ескі тартуштерді құлатып, жаңа тәртіптер орнату жолындағы саналы күресімен ауысқан заман болып табылады. Ал барлық револю-

ратын жаңды дәнекерді үзетін болса, егер ол халық творчествосының бай қазынасын пайдаланбайтын болса, ол өзін творчестволық дәрменсіздікке ұшыратады. Сондықтан ғылыми білім-көзқарастың дамуы да, мұнда көмеңгер ғалымдардың ролі қаншама зор бола тұрса да, халықтың тәжірибесінен тыс болуы мүмкін емес. Ғылым әрқашан да практикалық тәжірибені, ең алдымен адамдардың өндірістік қызметінің тәжірибесін қорыту негізінде дамытылып келді және дамытылып келеді, ал бұл тәжірибе халықтың игілігі болып табылады.

Қоғамның тарихи дамуының барысында мемлекеттердің әртүрлі тиштері бір-бірімен ауысып, әртүрлі саяси тәртіптер туып және өршіп келді, билеп-төстеушілер қатардан шығып келді, бірақ халық қала берді. Барлығы да ауысып тұрады, тек халық қана мәңгі жасайды — қоғам жа-йындағы марксистік-лениндік ғылым ашып берген тарихтың аса маңызды сабақтарының бірі осындай.

* * *

Халықтың тарихи ролін жоғары бағалай отырып, марксизм-ленинизм бұл рольді абстракциялы (дерексіз) түрде емес, қайта нақты-тарихи тұрғыдан алып қарауды талап етеді. Халық бұқарасының тарихтағы ролін дұрыс бағалау ең алдымен халықтың таптық құрамын дәл ескеруді талап етеді. Еңбекшілер бұқарасы әрқашан да тарихты жасаушылар ретінде қыймыл істеп келді, бірақ өзінің басым көпшілігі құлдар немесе крепостной шаруалар болған халықтың ролі бір мәселе де, өзінің көпшілігі капитализмнің дамуынан туған жұмысшы табы және ол басшылық етіп отырған шаруалар болып табылатын халықтың ролі — мүлде басқа мәселе. Марксизм-ленинизм жұмысшы табының бүкіл дүниежүзілік тарихи ролін ашып, тарихта қай заманда болса да қыймыл жасаған барлық еңбекші таптардың ішінде жұмысшы табы адамды адамның қандай да болса қанауын жою алатын бірден-бір тап болып табылады деп көрсетті. Барлық еңбекші таптардың басқаларына қарағанда жұмысшы табы өндірістің жаңа, социалистік тәсілін жарыққа шығарушы ретінде қыймыл жасайды, өндірістің бұл тәсілі өндірістің дәурені өткен капиталистік тәсілінің орнына қажетті түрде орнатылуға тиіс. Ең революцияшыл тап болғандықтан және өзінің дербес саяси партиясы болатындықтан, жұмысшы табы тарихта барлық езілгендер мен қаналғандар көсемінің ролін атқаруға міндетті. Ол революциялық күресте басшылық роль атқарып, капитализмге қарсы күресте өзінің одақтастарын, ең алдымен шаруаларды соңынан ертеді. Пролетариат басшылық ететін жұмысшы табы мен шаруалар одағы, Лениннің көрсеткеніндей, қоғамның өшіп бара жатқан күштерінің қарсылығын жеңе алатын, капитализмді құлатып, социализм орната алатын революцияшыл күш болып табылады.

Халық бұқарасының тарихтағы ролін

туып, мұның өзі социалистік жарыстан мейлінше айқын көрінеді. Еңбек аброй өперетін, ер атандыратын және батыр атандыратын іске айналады. Тарихта болып көрмеген еңбектің ерлік істері дамытылып, бұқараның еңбектегі инициативасы өрістетіледі. Ал социалистік жарыс бізде шын мәнісінде бүкілхалықтық жарысқа айналды.

Социалистік өндірісті өркендетуде алға басқан әрбір қадам сонымен бірге халықтың материалдық әл-ауқатын онан сайын арттырғандық болып табылады. Мұның өзі бұқараның еңбектегі белсенділігін бұрынғыдан да гөрі арттыруға көмектесіп, бұл белсенділік көзгіргі уақытта социалистік өнеркәсіпті онан әрі өркендету және ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жолындағы, партия алға қойған орасан зор міндетті — екі — үш жылдың ішінде халық тұтынатын заттар өндірісін едәуір арттыру, халықтың әл-ауқатын жоғары көтеру міндетін жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық күресте айқын көрінуде. ССРО-да және халықтық демократия елдерінде социалистік шаруашылықтың өркендеуі еңбекшілер бұқарасы негізгі өндіргіш күш ретінде ғана емес, сонымен бірге өндірістің қожалары ретінде қыймыл жасап отырған, қоғамның бүкіл байлықтарын жасаушылар ғана емес, сонымен бірге бұл байлықтардың коллективтік иелері болып отырған қоғамда өндірістің қаншалықты шаппаң қарқынмен дамытылып отырғанын айқын көрсетеді.

Советтік қоғамда халық бұқарасының ролі мемлекеттік құрылыс саласында да жаңа сыйпатта көрініп отыр. Халық бұқарасы тарихта тұңғыш рет саяси өкметті қожасына айналды. ССРО-да бүкіл өкмет қала мен деревня еңбекшілерінекі. Біздің қоғамның саяси негізі еңбекшілер депутаттарының Советтері болып табылады, бұл Советтер орыс жұмысшыларының творчестволық бастамасымен құрылып, бұқараның өзінің революциялық күресінің ұйымы ретінде орнады. Сөйтіп, еңбекшілер бұқарасы Коммунистік партияның басшылығымен мемлекеттің құрылысшылары ретінде қыймыл жасады. Бұған дейінгі формацияларда, соның ішінде капиталистік қоғамда да бұқараға жат және өшпенді болған мемлекеттік өкмет советтік қоғамда бұқараның өз өкметіне айналды. Социалистік мемлекеттің шын мәнісіндегі демократизмі осының өзінен айқын көрінеді, бұл мемлекет халық бұқарасының қолдауынан күш алып отырады, сондықтан да ол бұқараны басқару ісіне, бүкіл қоғамдық және мемлекеттік істерді шешуге барынша қатыстырып отыруға ұмтылады. Мұның мәнісі — советтік қоғамда халықтың алдында тарихи қыймыл жасаудың жаңа мүмкіндігі тұңғыш рет кеңінен ашылды: тарихты жасаушы халық өз мемлекетін орнатушы халыққа айналды деген сөз.

Советтік құрылыс мәдени тұрмыс саласында халық бұқарасының тарихи творчествосының шеңберін кеңінен ашып бер-

волюциясының жеңісі Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі бүкіл дүниежүзілік тарихтың аса ұлы оқиғасы болды. Азғана жылдардың ішінде еуропалық халықтық демократия елдерінің еңбекшілері, Қытай Халық Республикасының еңбекшілері өздерінің тарихи дамуында алып адыммен қарыштап алға басты. Социалистік лагерьдегі елдердің саяси, экономикалық және мәдени жағынан ойдағыдай өркендеуі өз тағдырының қожасына айналған халықтың қандай ұлы істер істей алатынын көрсетіп отыр.

* * *

Революция бұқараның неғұрлым көп бөлегін қозғалысқа қатыстыратын болса, бұл бұқараға басшылық етудің маңызы солғұрлым арта түседі. Қоғам тарихындағы ең күрделі және терең мағналы төңкеріс болып табылатын социалистік революция бұл төңкерісті жүзеге асыратын бұқараға басшылық ету ісіне де неғұрлым жоғары талаптар қояды. Тәжірибелі, ұрыстарда шыныққан, қоғамдық даму заңдарын білу мен қаруланған маркстік партия ғана социалистік революцияның басшысы және көсемі бола алады. Мұндай партияның басшылығынсыз жұмысшы табы өзінің капитализмді құлатып, коммунизм орнату жөніндегі тарихи міндетін орындай алмайды.

Коммунистік партия жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отряды, еңбекшілердің авангарды болып табылады. Партия халықтың коллективтік ақыл-ойын өз бойында сақтап, жұмысшы табының және ол басшылық етіп отырған еңбекшілер бұқарасының таптық күресінің зор тәжірибесін қорытып, жыйнақтап отырады. Таптың ең алдыңғы қатарлы бөлегін өз қатарына біріктіріп отырған партияның күші бүкіл таппен, еңбекшілердің ең қалың бұқарасымен үздіксіз тығыз байланыстылығында. И. В. Сталин коммунистерді ескіліктегі грек жұртының мифтік батыры Антеймен салыстырған болатын, бұл Антей өзінің туған анасы — жермен байланысын үзбеген кезде күресте жеңілмейтін болған. Міне сол сыяқты, Коммунистік партия да өзін тұдырған халық бұқарасымен тығыз байланысын сақтап отырғанда, ол ешуақытта да жеңілмейді.

Халық бұқарасының тарихтағы шешуші ролін танып отырып, марксизм-ленинизм бұқараның қозғалысын ұйымдастыратын, оған бағыт беретін басшылардың, көсемдердің ролін тіпті де бекерге шығармайды. «Қозғалысты ұйымдастыру, — деп жазды Ленин, — оған басшылық ету қолынан келетін саяси көсемдерін, алдыңғы қатарлы өкілдерін шығармай ешбір тап тарихта үстемдікке жете алған жоқ» (Шығармалар, 4 том, қазақ тілінде, 389 бет). Ескі дүниеге қарсы өзінің қажырлы зор күресінде жұмысшы табы теориялық және практикалық ұйымдастырушылық қуатты өз бойында ұштастыратын жаңа тұрпаттағы саяси қайраткерлерді жарық-

Тың жерлер игерілетін аудандарда тартабанды темір жолдар салу

Қазақстанның тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарында тартабанды темір жолдар салу өрістетілуде.

Ұзындығы 450 километр Қостанай — Пески — Көкшетау жолын салу жөніндегі барлау жұмыстары басталды. Ол Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарының астықты ең ірі аудандары арқылы өтеді. Бұл жолдың Қостанай — Урицкий участогі келесі жылы егін жыйнау науқаны басталғанға дейін уақытша пайдалануға беріледі. Транспорт құрылысы министрінің № 24 механикалық-рылған колоннасы Тобылдың оң жақ жағасында рельстер төселейтін топырақты үйе бастады. № 21 колонна бұл колоннаға қарай жұмыс істей отырып қарсы жүреді.

Ұзындығы 200 километр тартабанды темір жол Урицкое селосын Қарағанды магистралінің Есіл темір жол станциясымен байланыстырады. Ол Көкшетау облысының Рузаев ауданының, Қостанай облысының Урицкий және Семизер аудандарының тың жерлерінде өсірілген астықты тасуға мүмкіндік береді.

Сталинск — Магнитогорск магистралінің құрылыс басқармасының № 14 механикаландырылған колоннасының экскаваторшылары жүз километрлік тартабанды темір жолдың бойында рельс төселейтін топырақты үйе бастады. Бұл жол қарағанды жолының Атбасар станциясын жаңадан құрылған Краснознаменск астық совхозымен байланыстырады. Ұзындығы 175 километр Атбасар — Пески темір жолы бойындағы барлау жұмыстары аяқталды. Ол Ақмола облысының Атбасар ауданының және Көкшетау облысының Арыкбұлақ ауданының астық совхоздарын Қарағанды магистралімен байланыстырады.

Көкшетау облысының Чкалов, Еңбекшілер және Қызыл ту аудандарының, Павлодар облысының Ертіс ауданының, Омск облысының Русско-Поляны ауданының астық шаруашылықтарын қамту үшін 380 километрлік Көкшетау — Қызыл ту — Кайманачиха (Ертіс өзенінде) тартабанды темір жолы салынып болады.

275 километрлік Құрман — Хрущев атындағы совхоз — Пески темір жолы салынууда, ол Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь және Преснов аудандарының Көкшетау облысының Рузаев ауданының, Қостанай облысының Пресногорков ауданының, Құрман облысының Лебяжье және Құрман аудандарының территориясы арқылы өтеді.

Павлодар облысында Лозов ауданының орталығы Успенка селосынан Омск магистралінің Түзқала станциясына дейін кентабанды темір жол салу белгіленіп отыр.

Алдағы жылы августтың өзінде-ақ мына темір жолдарда поездар уақытына жүре бастайды: Көкшетау — Пески — Володарское селосына дейін; Құрман — Пески Хрущев атындағы совхозға дейін; Есіл — Урицкое — Ломоносов атындағы совхозға дейін; Көкшетау — Кайманачиха — аудан орталығы Қызыл туға дейін; Атбасар — Пески — Победа совхозына дейін. Алдағы жы-

жаулықтар ғана болып табылады дейді. Тарихқа мұндай фаталистік көзқарас, сырттан қарағанда субъективистердің көзқарасына қарама-қарсы болса да, түпкі мағынасында олармен үйлеседі: олар бұқараның творчестволық белсенділігін мойындамау жөнінде бір-бірімен үйлесіп отыр. Идеалистік ілімдер қанаушылар қоғамдарында бұқараның төмен дәрежеде болуын ақтап, оны баянды етеді, халықтың тарихи талаптылығынан қорқатын, қанаушы таптардың барлық идеологияларына тән көзқарасты бейнелейді. Қазіргі заманғы буржуазияшы саясатшылар мен социологтер, халық бұқарасының тарихтағы шешуші ролін мойындамай, халық «ауыздықтың», демократия құртылсын, күшті соғыс диктатурасы орнатылсын деген ең реакциялық үндеулерді дәлелдеу үшін идеалистік ілімдерді пайдаланып отыр.

Тарихқа идеалистік көзқарасқа мүлде қарама-қарсы, тарихи материализм қоғамның дамуын адамдардың материалдық тұрмыс жағдайларының өзгеруінен және дамуынан туатын заңды процес деп қарайды. Маркс пен Энгельстің тарихи материализмді адамдар өз тарихын өздері жасайды, бірақ олар бұл тарихты тіпті де өз дегенінше, өздерінің ойына келгенінше жасамайды деген қағидаға сүйенеді. Адамдардың идеялары мен көзқарастарының өзі, олардың мақсаттары мен талаптары өздерінің объективтік тұрмыс жағдайларынан туады, ал бұл жағдайлардың ішінде қоғамның тіршілігіне қажетті материалдық игіліктер өндірісін дамытудың қоғамда қол жеткен дәрежесінің, демек, қоғамның экономикалық дамуы дәрежесінің, оның экономикалық құрылысының сипатының шешуші маңызы бар. Қоғамның объективтік тұрмыс жағдайлары адамдардың миллиондаған бұқарасының күнбе-күнгі өндірістік қызметі нәтижесінде өзгертіледі, сондықтан бұл жағдайлар жеке адамның, тіпті ең үздік адамның еркіне де тәуелді болмайды. Қоғамның дамуына осындай көзқарас болған күнде, тарихты ендігі жерде корольдердің, қолбасшылардың, мемлекеттерді жаулап алушылардың және сондайлардың тарихы деп қарауға болмайды, қайта ол халықтардың тарихы, еңбекшілер бұқарасының тарихы деп қаралуға тиіс. Маркстік-лениндік ілім алып халықтың творчестволық күштеріне толық сенеді; бұл ілім халық бұқарасының творчестволық белсенділігі мен тарихи талаптылығын дамытуға, халықтың өз күштерін толық өрістетуіне кедергі болатынын бәрін жоюға бағытталған. Осы ілімді басшылыққа ала отырып, коммунистік және жұмысшы партиялар халықты капиталистік езгіліктен азат ету үшін күрес жүргізін, бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресте, социализм жолындағы күресте халық бұқарасының белсенділігін барынша күшейтіп келеді.

Халық бұқарасының тарихтағы шешуші ролін мойындау тарихи материализмнің негізгі қағидасының өзінен тікелей туады, бұл қағида бойынша қоғамның та-

рараның таптық құрамын ғана емес, сонымен бірге, оның қыймыл жасайтын объективтік тарихи жағдайын, тарихтың осы жасаушыларының белсенділігін дамытатын немесе тежейтін жағдайды еске алуды талап етеді. Адамды адамның есеуіне негізделген қоғамдарда бұқараның творчестволық белсенділігі тежеледі; бұқараның бұл белсенділігі қанаушы үстем таптардың қарсылығына қарамастан өзін айқын көрсетеді. Қанаушылық дегенді білмейтін қоғамдағы халық бұқарасының ролі — басқа мәселе; мұнда бұқараның творчестволық белсенділігі мен талаптылығы еркін және кедергісіз дамуға тұңғыш рет мүмкіндік алады; мұнда мемлекеттік өкмет бұған кедергі болмайды, қайта мұның керісінше, оның өрістетуіне барынша көмектеседі. Осыған байланысты Совет елінде, сондай-ақ халықтың демократия елдерінде халықтың творчестволық ролі де жаңаша бейнеленіп отыр. Халықтың творчестволық ролі орасан зор көлемде өрістеп қана қоймай, сонымен бірге оның сыйпаты да бұған дейінгі формациялардағыдан мүлде басқаша болып отыр.

«Совет өкметінің кезектегі міндеттері» деген мақалада Ленин былай деп атап көрсетті: буржуазиялық революцияларда еңбекшілер бұқарасының басты міндеті — феодализмді, монархияны жою жөніндегі тиімсіз немесе бүлдірушілік жұмысын орындауда болды, ал жаңа қоғам ұйымдастыру жөніндегі тиімді немесе игілікті жұмысты халықтың дәулетті, буржуазиялық азшылығы орындап келді. Мұның керісінше, социалистік революцияның қандайында болса да, жұмысшы табының және ол басшылық еткен кедей шаруалардың басты міндеті — «ондаған миллион адамның күн көруіне қажетті өнімдерді жоспарлы түрде өндіру мен бөлу ісін қамтитын жаңа ұйымдастыру қатынастарының өте қыйын және нәзік тарауларын жолға қою» жөніндегі ең тиімді немесе игілікті жұмыс болып табылады. Осыған байланысты Ленин еңбекшілер көпшілігінің дербес тарихи творчествосы тұсында ғана, социализм орнатуға болатынын атап көрсетті.

Лениннің терең мағналы бұл ойын тарих тұтасымен дәлелдеп берді. Елді индустриаландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісінің ОГРО-да ойлағандай жүзеге асырылған себебі сол, Коммунистік партия социалистік шаруашылықты жүргізу ісін өздерінің ең жақын, төл ісі деп қараған жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасын осы тарихи міндеттерді шешу жолындағы күреске жұмылдыра білді.

Социализм жағдайында еңбекшілер бұқарасы, материалдық игіліктерді өндіру ісін жүзеге асыра отырып, тарихтың саналы жасаушылары ретінде қыймыл істейді. Бұлардың еңбегі ендігі жерде, бүгін дейінгі таптық формацияларда болғанындай, ықтиярсыз еңбек емес, қайта қанаушылықтан азат етілген еңбек болып табылады. Олар қанаушыларға емес, өздері үшін, өз қоғамы үшін еңбек етеді. Осының негізінде еңбекке жаңа көзқарас

қараның таптық құрамын ғана емес, сонымен бірге, оның қыймыл жасайтын объективтік тарихи жағдайын, тарихтың осы жасаушыларының белсенділігін дамытатын немесе тежейтін жағдайды еске алуды талап етеді. Адамды адамның есеуіне негізделген қоғамдарда бұқараның творчестволық белсенділігі тежеледі; бұқараның бұл белсенділігі қанаушы үстем таптардың қарсылығына қарамастан өзін айқын көрсетеді. Қанаушылық дегенді білмейтін қоғамдағы халық бұқарасының ролі — басқа мәселе; мұнда бұқараның творчестволық белсенділігі мен талаптылығы еркін және кедергісіз дамуға тұңғыш рет мүмкіндік алады; мұнда мемлекеттік өкмет бұған кедергі болмайды, қайта мұның керісінше, оның өрістетуіне барынша көмектеседі. Осыған байланысты Совет елінде, сондай-ақ халықтың демократия елдерінде халықтың творчестволық ролі де жаңаша бейнеленіп отыр. Халықтың творчестволық ролі орасан зор көлемде өрістеп қана қоймай, сонымен бірге оның сыйпаты да бұған дейінгі формациялардағыдан мүлде басқаша болып отыр.

«Совет өкметінің кезектегі міндеттері» деген мақалада Ленин былай деп атап көрсетті: буржуазиялық революцияларда еңбекшілер бұқарасының басты міндеті — феодализмді, монархияны жою жөніндегі тиімсіз немесе бүлдірушілік жұмысын орындауда болды, ал жаңа қоғам ұйымдастыру жөніндегі тиімді немесе игілікті жұмысты халықтың дәулетті, буржуазиялық азшылығы орындап келді. Мұның керісінше, социалистік революцияның қандайында болса да, жұмысшы табының және ол басшылық еткен кедей шаруалардың басты міндеті — «ондаған миллион адамның күн көруіне қажетті өнімдерді жоспарлы түрде өндіру мен бөлу ісін қамтитын жаңа ұйымдастыру қатынастарының өте қыйын және нәзік тарауларын жолға қою» жөніндегі ең тиімді немесе игілікті жұмыс болып табылады. Осыған байланысты Ленин еңбекшілер көпшілігінің дербес тарихи творчествосы тұсында ғана, социализм орнатуға болатынын атап көрсетті.

Лениннің терең мағналы бұл ойын тарих тұтасымен дәлелдеп берді. Елді индустриаландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісінің ОГРО-да ойлағандай жүзеге асырылған себебі сол, Коммунистік партия социалистік шаруашылықты жүргізу ісін өздерінің ең жақын, төл ісі деп қараған жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасын осы тарихи міндеттерді шешу жолындағы күреске жұмылдыра білді.

Социализм жағдайында еңбекшілер бұқарасы, материалдық игіліктерді өндіру ісін жүзеге асыра отырып, тарихтың саналы жасаушылары ретінде қыймыл істейді. Бұлардың еңбегі ендігі жерде, бүгін дейінгі таптық формацияларда болғанындай, ықтиярсыз еңбек емес, қайта қанаушылықтан азат етілген еңбек болып табылады. Олар қанаушыларға емес, өздері үшін, өз қоғамы үшін еңбек етеді. Осының негізінде еңбекке жаңа көзқарас

қараның таптық құрамын ғана емес, сонымен бірге, оның қыймыл жасайтын объективтік тарихи жағдайын, тарихтың осы жасаушыларының белсенділігін дамытатын немесе тежейтін жағдайды еске алуды талап етеді. Адамды адамның есеуіне негізделген қоғамдарда бұқараның творчестволық белсенділігі тежеледі; бұқараның бұл белсенділігі қанаушы үстем таптардың қарсылығына қарамастан өзін айқын көрсетеді. Қанаушылық дегенді білмейтін қоғамдағы халық бұқарасының ролі — басқа мәселе; мұнда бұқараның творчестволық белсенділігі мен талаптылығы еркін және кедергісіз дамуға тұңғыш рет мүмкіндік алады; мұнда мемлекеттік өкмет бұған кедергі болмайды, қайта мұның керісінше, оның өрістетуіне барынша көмектеседі. Осыған байланысты Совет елінде, сондай-ақ халықтың демократия елдерінде халықтың творчестволық ролі де жаңаша бейнеленіп отыр. Халықтың творчестволық ролі орасан зор көлемде өрістеп қана қоймай, сонымен бірге оның сыйпаты да бұған дейінгі формациялардағыдан мүлде басқаша болып отыр.

«Совет өкметінің кезектегі міндеттері» деген мақалада Ленин былай деп атап көрсетті: буржуазиялық революцияларда еңбекшілер бұқарасының басты міндеті — феодализмді, монархияны жою жөніндегі тиімсіз немесе бүлдірушілік жұмысын орындауда болды, ал жаңа қоғам ұйымдастыру жөніндегі тиімді немесе игілікті жұмысты халықтың дәулетті, буржуазиялық азшылығы орындап келді. Мұның керісінше, социалистік революцияның қандайында болса да, жұмысшы табының және ол басшылық еткен кедей шаруалардың басты міндеті — «ондаған миллион адамның күн көруіне қажетті өнімдерді жоспарлы түрде өндіру мен бөлу ісін қамтитын жаңа ұйымдастыру қатынастарының өте қыйын және нәзік тарауларын жолға қою» жөніндегі ең тиімді немесе игілікті жұмыс болып табылады. Осыған байланысты Ленин еңбекшілер көпшілігінің дербес тарихи творчествосы тұсында ғана, социализм орнатуға болатынын атап көрсетті.

«Правданың» он жылдық мерекесіне» деген мақалада Ленин былай деп атап көрсетті: дүниежүзілік дамудың барысы зор көлемде тездетіле түсеті, ал бұл тездетілудің негізгі себебі — бұған жүздеген және жүздеген миллион жаңа адамдардың, соның ішінде басқа азиялық елдердің халықтарымен бірге жер бетіндегі халықтың жартысынан астамы болып табылатын Индия мен Қытай халықтарының қатыстырылып отырғанында. Совет Одағы тарихи жеңіске жеткен дүниежүзілік екінші соғыстың қорытындысында Европа мен Азияның бірқатар елдерінің халықтары, совет халқының туысқандық көмегі арқасында империализмнің бұғауын жұлып тастады. Қазіргі уақытта 900 миллион адамды қамтып отырған социализмнің қуатты лагерьі құрылды. Қытай халық ре-

оның коллективтік басшылық органы болып табылатын Орталық Комитет басқарып, оған партияның аса көрнекті, ең тәжірибелі шыныққан қайраткерлері кіріп отыр.

Жеке адамның тарихтағы ролін түсіндіруде марксизм-ленинизм халықты ерлер тудырмайды, қайта ерлерді халық тудырады, тарихты ерлер жасамайды, қайта ерлерді тарих жасайды деген қағидаға сүйенеді. Сондықтан тарихи оқиғалардың анықтаушы себебі ұлы адамның еркінде деп санайтын жеке адамның қасиетіне табынушылық — марксизм-ленинизмге мүлде жат көзқарас. Жеке адамның қасиетіне табынушылық — Ленин жасап берген партиялық басшылықтың принциптері мен партия тұрмысының нормаларына қайшы келеді. Жеке адамның қасиетіне табынушылық партиялық басшылықтың жоғары принципі болып табылатын коллективтік басшылықпен сыйыспайды. Жеке адамның қасиетіне табынушылық — партияның ролін кемітуге және партия бұқарасы мен совет халқының творчестволық белсенділігін төмендетуге әкеліп соқтырады. Мұның өзі әсіресе қазіргі жағдайда, коммунизм орнатудың аса ұлы міндеттері халықтың ең қалың бұқарасының творчестволық белсенділігі мен инициативасын барынша арттыруды талап етіп отырған кезде өте қауіпті де, зиянды да.

Партиялық демократияның принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, өзара сынды, әсіресе төменнен болғын сынды батыл өрістетіп, Коммунистік партия коммунистер мен барлық еңбекшілердің творчестволық белсенділігін дамытып келеді, олардың күш-жігерін қыйыншылықтар мен кемшіліктерді жоюға бағыттап, коммунистік құрылыстың барлық участектерінде жаппай өрлеп алға басуды көздеп келеді.

Партия біздің өнеркәсібімізді онан әрі барынша өркендету үшін, халық тұтынатын товарлар өндірісін едәуір арттыруды қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптің қалың қойнауындағы резервтерді ашып, пайдалануға бұқараны шақырып отыр. Партияның шақыруы бойынша кең көлемде тың және тыңайған жерлерді игеріп, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыруды қамтамасыз ету жөнінде аса зор жұмыстар жүргізілуде. Еңбек өнімділігін үнемі арттыру коммунизм жеңісінің шешуші шарты болып табылады. Партия халықтың өсіп отырған тілектерін барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін, неғұрлым өркендеген капитализм елдерімен экономика жағынан жарысу міндетін ойдайдай шешу үшін еңбек өнімділігін арттыру жолында үнемі күрес жүргізуді бұқараға үйретіп келеді.

Коммунизм еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының жанқиярлық еңбегі мен саналы күресінен туады. Бұқараның творчестволық белсенділігін барынша өрістетіп, оның күш-жігерін ұйымдастыра отырып, Коммунистік партия советтік қоғамның коммунизмге қарай дамуына бағыт беріп келеді.

Г. ГЛЕЗЕРМАН.

хоз және Атбасар — Краснознаменск совхозы темір жолдары уақытша пайдалануға толығынан тапсырылады. (ҚазТАГ).

Астық сатудан алынған табыс

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Үстіміздегі жылы Предгорный ауданының Сталин атындағы колхозы барлық егінің әр гектарынан жүз пұттан өнім жыйнады. Бұл — мемлекетке астық тапсыруды мезгілінен бұрын аяқтауға, мемлекетке жүз мың пұттан аса астық сатуға, қажетті барлық қорларды құйып, колхозшылардың әрбір еңбеккүніне үш килограмнан астық беруге мүмкіндік туғызды. Колхоз астық шаруашылығынан көзірдің өзінде 2.350.000 сом табыс алды.

Астықтан түсетін табыстың көбеюі егіншілердің еңбегіне төленетін ақшадай ақыны шұғыл молайтты. Быйыл колхозшылар әрбір еңбеккүніне 7 сомнан, яғни өткен жылғыдан бірнеше есе көп ақша алады. Ауылшаруашылық артелі астық сатудан алынған табысқа барлық өнім бөретін малды типті қоралармен қамтамасыз етуді ұйғарып отыр. Мұнда 400 мал сызғын сыйыр қорасы, екі үлкен ат қорасы салынып жатыр. Алдағы жылы малшаруашылық фермаларындағы еңбек көп жұмсалатын барлық процестерді электрлендіру белгіленіп отыр. Артельдің заңды бойынша көзірдің өзінде мемлекеттік электр жүйесінен электр сымын тартудың жобасы жасалды.

Быйыл Предгорный ауданының Молотов атындағы, Ленин атындағы, Киров ауданының Киров атындағы колхоздары және Шығыс Қазақстанның астық шаруашылығынан миллиондаған табыс алған басқа ауылшаруашылық артельдері жаңа құрылыстар салуға 300—500 мың сомнан жұмсайды.

Қытай Халық Республикасы үшін

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Қазақтың металлургия заводы Қытай Халық Республикасына арналған көп прокатты жөнелтті.

Құрметті заказ мерзімінен бұрын орындалды. Бұған методикалық нешті жетілдіру көмектесті, ол «400» станының бастығы Дмитрий Андриященко бастаған бір топ инженерлердің ұсынысы бойынша жүзеге асырылды. Егер бұрын пеште бір сменада 450 кесек металл қыздырылған болса, көзір 700-ден аса кесек металл қыздырылады.

Қытай Халық Республикасының заңын орындауда Василий Коптеловтың бригадасы үздік жұмыс істеді. Бұл бригада айлық тапсырманы көзірдің өзінде толық орындады. Прокатшылар Воронин, Гурьянов және Стронин жолдастар, вальцовщиктер Кван мен Мұсаханов жолдастар, оператор Щербина жолдас еңбек өнімділігін бір сменада екі норма орындауға дейін арттырды.

Мал қыстатуға әзірлік ісіне жұртшылық байқауы

Малды қайда қыстатпак

Полудень ауданы Аманкелді атындағы колхоздың басшылары қоғамдық малды қыстан шығынсыз, күйлі шығару мақсатын көздеп, бйыл бірнеше мал қораларын салуды жоспарлаған болатын. Бұл жоспарланған құрылыстарды мал қыстату маусымы басталғанға дейін толық аяқтап, пайдалануға беруге колхозда барлық мүмкіншіліктер бола тұрса да, колхоз басшыларының жайбарақаттыққа салынып, жұмысты ұйымдастыра алмағандығынан осы күнге дейін бірде-бір мал қорасы салынған жоқ.

Өткен қыста №1 бригадада жас қозыларды орналастыруға орын болмады. Осыны еске алып, колхоз басқармасы бйыл 500 бас төл сыятын жылы қора салуды ұйғарды. Дегенмен, бұл жоспар да орындалмай қалды. Соның салдарынан мұнда төлдің бйылы да қай жерде қыстайтыны белгісіз болып отыр. Осы бригадада жұмыс өгіздерін қыстататын орын да жоқ. Пион айында 80 өгіз сыятын қора салу ісі қолға алынған болатын, бірақ жұмыс баяу қарқынмен жүргізілгендіктен және құрылыс материалдары жетіспегендіктен бұл қораның тек қана іргелері қалғанды.

Новое поле селосында бруделлезбен ауыратын 40-тан астам сыйыр жаз бойы басқа сыйырлардан бөлек күтілді. Олар үшін жеке қора салу туралы мәселе октябрь айында ғана қозғалды. Амаз не, бұл қора да салынбай, кәзіргі уақытта сыйырлар жартылай құлап жатқан ашық қораларға қамалған. Мұнда жапа тұған бұзауларды қойтын орын атымен жоқ. Бұл жағдайды да колхоз басшылары күні-бұрын ескеріп, қолға алмаған.

Колхоздың орталығы — Байсал селосындағы 120 сауын сыйыр тұратын қораға еден төсеу мәселесі өткен жылдан бері ауызға алынып келді. Бірақ бұл тек сөз жүзінде ғана болды. Сөйтіп кәзір сауын сыйырлар 15-20 сантиметр сазы бар қораларда байлаулы тұр. Сол сыяқты, торпақтар тұратын қораның да едені төселінбеді.

Сыйыр фермасында мал азығын әзірлейтін қарапайым әдіспен жасалған сабан буландырғыш, шапшаңдатыған әдіспен мал азығын сүрлейтін күхня, су жылытатын пеш салынған еді. Кәзір бұл күхнялардың үйі бұзылып, ондағы кірішптер әркімнің қолында кеткен. Солай бола тұрса да, бұл жағдай ферма меңгерушісі Шнелман жолдасты тіпті ойландырар емес. Ол «азықты кейінірек буландыра жатармыз, оған дейін қоралар салып алмайық» — деп, бөгде себептерді бетке үгеіп жүр.

Қоғамдық мал үшін жемшөптің берік қорын жасап, оларды жеткілікті мөлшерде құнарлы азықпен қамтамасыз етуде колхозда елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Мұндағы дайындалған жемшөптің өзі тонна есебімен алғанда жөрсетілген жоспардың жартысына жетпеген. Колхозда қысқы малазығының 12 мың центнер шөп жетпейді. Бұл жетпейтін мал азығының орнын толтыру шаралары күнілгері, мүмкіншіліктер бар уақытта жүргізілмеген.

Мал қыстатуға әзірлік нашар

Қыс түсуге жақындап қалды. Бұл қоғамдық малдардың қолда-бағып күтуге барлық жағынан сақдай сай әзірленуді талап етеді. Осыған қарамастан Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозында мал қыстатуға әзірлік жұмыстарының жайы тіпті төзгісіз нашар.

Алдыңмен, мұнда дайындалған жемшөп қолда бар қоғамдық малдарды қыс бойы біржелкі азықтандыруға жетпейді. Жоспар бойынша дайындалуға тиісті 28 160 центнер табиғи шөптің бар болғаны 15819 центнері ғана әзір етілген. 600 центнер ғана шөп сүрленген. Бұл белгіленген жоспардың 15 проценті ғана. Аз малазығындық тамыржемистер мүлдем дайындалмаған. Мал үшін жемшөптің мұнша ма аз дайындалуы колхоз басшыларының, әсіресе колхоз председатели Сыздықов, партия ұйымының секретары Ақпанбетов жолдастардың бұл істі нашар ұйымдастыруынан деуіміз керек. Өйткені олар пішен шабудың қолайлы мерзімінде қолда бар күн-мүмкіншіліктерді іске толық пайдаланбайды. Пішен жыйнауға МТС күшіне сенді. Атқа жөгілетін шөп машиналары іске қосылмады. Пішеншілердің еңбек өнімділігін арттырудың шаралары жүзеге асырылмады.

Табиғи пішеннің өте аз дайындалғанына қарамастан, колхоз басшылары егін жыйнау кезінде және одан кейінгі уақытта да пішен шабуды тоқтатып қойды. Тіпті, шабылған 560 центнер шөпті жыйнап, маяға салуды да ұйымдастырмады. Осының салдарынан ол шөп кереде ұзақ жатып қалып, жауын-шашынға тиіп бүлінді.

Кәзір мындаған центнер дәнді дақылдар, егіннің сабаны жыйналмастан шөмеледе жатыр. Оларды жыйнап, маяға үкте колхозда мүмкіншіліктің бәрі де бар. Бірақ, сол мүмкіншіліктердің пайдаланылуы мүлде нашар.

Егін жыйнау жұмысы аяқталғанына айдан астам уақыт өтседе, мұнда не бары 850 центнер ғана сабан мен топан майланған. Ал соңғы күндерде сабан, топан-дарды майлау, мал қоралары жанына шөп тасу жұмыстары мүлдем тоқтатылған.

Колхозда мал қораларын жаңадан салу, бұрыннан пайдаланылып келген қораларды жөндеу ісі де бетімен жіберілген. Рас, бйыл мұнда 100 бұзау тұратын жаңа стандартты бұзау үйі салынды. Бұл жұмысқа бөлінген колхозшылар өнімді еңбек етіп, қораның қабырғаларын тез-ақ салып болды. Бірақ төбе жабатын материалдың кезінде жеткізілмеуінен құрылыс аяқталмай қалды. Ал бұрынғы қораларды жөндеу жұмысы да баяу жүргізілуде. Мәселен, сыйыр малы фермасындағы 7 қораның үшеуі ғана жөндеуден өткен. Қалған 4 қораның, әсіресе, жұмыс өгіздері тұратын қораның төбелері, есік, терезелері бүтінделместен ашық-тесік қалпында тұр. Олар керек десе қыйдан да тазартылмаған. Осыған қарамастан ферма меңгерушісі М. Омаров жолдас фермадағы малшыларды қораларды қыста мал күтуге әзірлеу ісіне пайдалануға әзірлеген.

Қоғамдық мал басының көбеюі, мал шаруашылығы өнімдерінің артуы бүгінгі күннің талабына сай емес. Бұған біріншіден, малдарды бағып-күту жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырмауы себеп болса, екіншіден, мал шаруашылығында жұмыс істейтін колхозшылардың тұрақтандырылмауы, олардың басқа жұмыстарға жиі-жиі ауыстырылуы себепші болып отыр. Бұған мысал ретінде мынадай бір фактіні айтсақ та жеткілікті: қысты күні барлық фермадағы малдарды күту үшін 40 адам керек болса, кәзір бұлардан 25 адам ғана бар. Олардың көпшілігі бұрын мал фермасында жұмыс істемеген колхозшылар. Фермаға жаңа келгендерге мал күтудің әдістері, тәртібі таныстырылмайды. Оларды зоотехникалық курсқа оқуға тарту бізмен шұғылданып отырған да ешкім жоқ. Тіпті, керек десе, мұнда зоотехникалық курсты ұйымдастыруға әзірлік ісі де қолға алынбаған. Бұған осы колхозды қамтитын Совет МТС-нің бас зоотехнигі К. Төлеуов жолдастың жаны ашыр емес.

Колхоз басшылары малшыларды қысқы жылы киім-кешекпен қамтамасыз етуді де ескеріп отырған жоқ. Колхоз-мал өсірушілеріне келген пима, жылы сырт киімдердің аудандық тұтынушылар одағының қоймасында жатқанына бір сыпыра уақыт өтті. Бірақ соларды сатып алып, осы күннен мал күтушілерге жеткізіп беру ісі ескерусіз қалып келеді.

Бастауыш партия ұйымы мал шаруашылығына басшылық етуден мүлдем тыс-қары қалған. Ол-олма, партия ұйымының секретары Ақпанбетов жолдас тіпті мал шаруашылығындағы жауапты жұмыс участоктеріне коммунистерді тағайындауды да қажет деп таппай отыр. Ұйымның есебінде тұратын 15 коммунистердің бірде-бірі мал фермасында тікелей еңбек етуге тағайындалмауының себебін тек осыдан деуіміз керек. Оның үстіне кейбір коммунистер колхоз шаруашылығында тиіп-қашты ғана жұмыс істеп жүр. Мұның өзінде де олар жұмыстың жеңіл-желпі жағына қарай жармасады. Қоғам шаруашылығына мұндай кемпіргісіз еңбекшілер қатысу, әсіресе, Майжанов, Әбдіхалықов, Медетов, Құдайбергенов, Жангуллина сыяқты коммунистердің әдетіне айналған. Бұлардың ішінде Майжанов, Әбдіхалықов, Медетов жолдастар бұрын бірнеше жыл колхоз председатели болып қызмет істеген, шаруашылық жұмыста тәжірибелері бар адамдар. Оларды мал шаруашылығындағы жұмыстың жауапты участоктеріне тағайындауға және олардан қажырлы еңбек етуді ғана емес, сонымен бірге малшылар арасында ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуді талап ету әбден орынды болар еді. Бірақ амаз не, Ақпанбетов жолдастың бұған батылы бармай-ақ отыр.

Мал шаруашылығын колхоздың мол табысты шаруашылығына айналдыру міндеті қоғамдық малдарды мол азық, жылы, жайлы қоралармен жеткілікті қамтамасыз ету.



Алматының №1 Байланыс техникалық училищесі почта-телеграф агенттерін, радио тораптары мен қалааралық телефон станцияларының байқаушыларын даярлап шығарады. Училищеде орта мектептерді бітірген 200 адам оқиды. Суретте: (солдан оңға қарай) почта-телеграф агенттері бөлімінің тыңдаушылары комсомолкалар А. Нұрсейтова мен Р. Поделка телеграф қабылдау аппаратымен танысуда.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

15 мың гектар зябь көтерілді

Калинин атындағы МТС-тің механизаторлары келесі жылдың егісі үшін зябь жұртудың жоспарын асыра орындап шықты. МТС-тің қамтуындағы колхоздарда 15 мың гектардан астам зябь көтерілді.

Зябь жұртуда Михаил Бутенко жолдас басқаратын трактор бригадасы айтарлықтай табыстарға ие болды. Бригада «Победа» колхозының колхозшыларымен ынтымақтаса жұмыс істей отырып, жоспардан тыс 300 гектардан астам зябь жұртты. Сол сыяқты, «Вторая пятилетка» колхозында жұмыс істейтін Ненциев жолдастың трактор бригадасы 900 гектардан артық зябь көтерді. Мұның 115 гектары Мальцевтің әдісі бойынша жұртылған.

О. СЕЙТҚУЛОВ.

Әрбір сыйырдан 1800 литр сүт

Полудень ауданындағы «Путь Ильича» колхозының сауыншысы Ефросинья Пигалева жолдас жыл сайын өзіне бекітіліп берілген сауын сыйырларды жақсы күтімде ұстап, сүт сауудың жоспарын үнемі асыра орындап келеді. Тәжірибелі сауыншы қарамағындағы сыйырларға жемшөптен басқа тамыржемес, күнжара және басқа малазығындық дақылдарды

Башқұрт халқының ұлы ақыны

(Мәжит Ғафуридің қайтыс болғанына 20 жыл толуына)

Башқұрт әдебиетінің классигі, тамаша ақын Мәжит Ғафуридің қайтыс болғанына 20 жыл толды.

Ғафури 1880 жылы бұрынғы Уфа губерниясы (кәзіргі Башқұрт АССР-ы), Стерлитамақ уезі, Жилем-қаран ауылында туы. Ғафуридің әкесі Нұрғайын жарлы ғана халіе болып, ауылдық медреселерде бала оқытумен кәсіп еткен. М. Ғафуридің балалық шағы өте ауыр жағдайда өтіп, тұрмыс күйзелушілігін, өмір азабын көп тартқан. Сондықтан да ол өзінің балалық шағындағы өмірін былай суреттейді:

«...Ол кездерде біздің семьямыздың тұрмысы өте ауыр еді, киген киімім де алба-жұмба, ескі-құсқы болғандығы әлі есімнен кетпейді. Біздің үйде қара нанның өзі де ең қымбатты, ең тәтті тағамымыз болып саналатын. Шай дегенді анда-санда болмаса көзіміз де көрмейтін, ыңғай жапырақ сыяқты өсімдіктерден шай жасайтын едік; жазды күні ішетін тамағымыз қара ұннан істелген быламық, не ботқа болатын еді. Бұл тамаққа қосу үшін қатықты да көршілерімізден алатын едік».

Ғафури 8 жасқа толғанда өз ауылындағы мектептен оқий бастайды да, оны 10 жасында бітіріп шығады. Сонымен қатар мектепті бітірген уақытында әкесіне көмектесу үшін Мәжиттің өзі де мектепке жаңадан түскен балаларды оқыта бастайды.

Ауыл мектебінен оқын шыққаннан соң әкесі оны халіпелікке даярлау үшін көрші ауылдағы медресеге оқуға береді. Осы медреседе оқыған кездегі өмірі туралы ақын былай деп жазады: «Жеті сайын үйіме келіп, бір-екі үзім қара нан, 4-5 қадақтай ақталған тары, жұдырықтай тоң май, 1-2 қадақ ет, мысалдап қана тақта шай алды қайтатын едім. Келер жетіге дейін соны азық ететімін».

Медреседе оқығанына 2 жыл болып 12 жасқа толғанында Мәжиттің әкесі қайтыс болады, оның артынан бірнеше айдан соң шешесі де қайтыс болады. Ата-анадан айрылып, қорғансыз қалған жетімге «қол үшін жалғарлық», көмек көрсетерлік адам болмайды. Күн көріс, тамақ асырау жағынан аса күйзелушілікке ұшырайды. Сөйтіп ол медреседегі бай шәкірттердің самауырын қою, тамағын пісіру сыяқты жұмыстарын істеуге мәжбүр болады. Болашақ ақынның Үтәш ауылындағы медреседегі ауыр өмірі 1896 жылына дейін созылады.

Ғафури одан әрі білімін көтеру мақсатымен 1896 жылы Уфаға келіп «Ғусмания» медресесіне оқуға түседі. Бұл медреседе оқын жүргенде ондағы бай шәкірттер оғай мысқыл көзбен қарап, тәлкек етеді. Тіпті қорлайды да. Бірақ Ғафури оқудан көңілін суытпайды, жігері мұқалмайды. Жұмыс істеп ақша тауып, тапқан мардымсыз ақшасына пала тойының жүрсе де, оқуын тоқтатпайды. Осы кездерде Мәжит жаңа салына бастаған шойын заводында қара жұмысшы болып істейді. Бір қыстай ауылда тұрып бала да оқытады. Қанша тырысып еңбектенгенімен «күрделі түнде оқыған» жоспарымен

айналады. Ғафури медреседе оқий жүріп, арнаулы оқытушы жадап, орыс тілін де үйрене бастайды. Оның Троицкі қаласында оқуы 6 жылға созылады.

1905 жылы Мәжит Қазанға келіп, ондағы «Мұхаммедия» медресесіне оқуға түседі. Бұл кезде 1905 жылғы революцияның нағыз қызған шағы болғандықтан қала жұмысшыларының арасында, студенттер мен оқушылар арасында жыйналыстар мен митингтер үнемі болып тұратын-ды. Бұл жағдай Ғафуриге зор әсер етеді. Ол митингтер мен жыйындарға үзбей қатысып, бұл толқушылықтың-шын мәнін түсінуге тырысады. Осы кездерден бастап жұмысшылар арасындағы болып жатқан толқулар жөнінде өзінің алғашқы өлеңдерін жазады және бастырады. («Шаттық жыры», «Бай кісі», «Ауысу» тағы басқалары). Осы уақыттан бастап «Қазан мұхбири» атты газетте оның көптеген өлең, жырлары басылып тұрады.

Ғафури 1907 жылы Уфаға қайтып, 1909 жылға дейін «Ғалия» медресесінде оқиды, бірақ медреседе өтілетін пәндердің кейбіреулеріне ғана қатысып, уақытының көпшілігін өз бетімен оқуға, өлеңдер жазуға арнайды.

Сөз жоқ, Мәжит Ғафуридің өмірі өте ауыр еді. Сондықтан да оның жазған шығармаларының дені кедейлерді аяу, оларды қорғау, байлардың езюшілігіне, жарлыларды жабірлеуіне өткір тілін шапша, қаламын түйрей жазғандықтан ол кездері татардың үстем таптар қолында отырған баспасы ақының шығармаларының жарыққа көруіне кедергі жасамай қалған жоқ. Әресе ақын шығармаларын жарыққа шығармау үшін татар-башқұрттың ұлт-шылдары, милләтші оқығандары белсене күрес жүргізді. Өйткені бұлардың өмірдегі шын бейнесі Ғафури шығармаларында аса бір нақтылықпен әшкерелене жазылған еді.

1912 жылы Ғафури ағайынды Қаримовтердің Уфадағы «Шәрік» баспаханасында корректор болып істейді. Мұнда ол жұмысшылардың өмірі, олардың дүниеге көз қарастарымен әбден танысады; олармен бірге жұмыс істейді. Бұл кезде жұмысшылар да кішіпейіл жас ақынды жақсы көріп, құрметтей бастайды, оны өздерінің бірден-бір досы деп санайды. Сонымен қатар ол жаз күндері ауылға шығып, ауыл шаруаларының өмірімен де танысады. Құл есебінде күн көріп жүрген ауыл шаруаларының азапты тұрмысын, кедейлердің күн санап тартқан хасіретін, жалшылардың өмірін өз көзімен көруі ақынға қатты әсер етеді, ой түсіріп толғау салады.

Октябрь революциясын Мәжит Ғафури осы баспаханада жұмыс істеп жүрген кезінде қарсы алды.

Брте тұрдым... күн әдемі балқыған, Күстар сайрап, әркімде нұр шалқыған... Вейне көктен жер жүзіне нұр түсті Неге бұлай?... Жамылды жер пүлісті... Бар халық пат!

Барлығы да күледі...

Әне, толқып қызыл тулар келеді!—деп ол Ұлы Октябрь революциясын күшпен

ған аңыздардағы маяланған сабандар әлі күнге дейін қыстау қасына тасылмастан жатыр. Колхоздағы дайындалған 10700 центнер шөптің осы күнге дейін небары 2800 центнері ғана мал қораларының қасына жеткізілген. Тасылатын шөп 50-60 километр қашықтықта. Оны тасушылар бригадасы күніне бір-ақ рет қатынайды. Сондықтан да мал қораларының жанына жеткізілген шөптің өзі 300 центнерден де аспайды.

Мал қыстатудағы әзірлік жұмыстарында Полуден МТС-нің тарапынан бұл қолхозға ешқандай көмек көрсетілмейді. МТС-тің осы колхоздағы учаскелік зоотехнигі Т. Любимов жолдас өз міндетін атқаруға немқұрайды қарап, көбіне мәжбүрлікке салынып жүр. Ал аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті бұл колхоздағы жағдайды біле тұра ешқандай шара қолданбай отыр.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

ақсауы отыр. Жалдан көп, жылқы фермаларында да дәл осындай.

Фермалардың бірде-бірінде еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылмаған. Мал суаратын құдықтар жеткіліксіз. Оның үстіне бар құдықтардың өзі бірнеше жылдар бойына тазартылмаған. Сондықтанда олар таяздап, суы азайған. Мұның өзі қыста мал суару жұмысының едәуір қиындауына, судың тапшы болуына әкеліп соғу қаупын туғызып отыр. Солай бола тұрса да, колхоз басшылары бұл мәселемен шұғылданбай, оны көріне-көзге елеусіз қалдыруда.

Конюхов ауданындағы «Пролетарское знамя» колхозы 2646 гектар егістіктің сабағын жыйнап, үйді. Кәзір 5 мың центнерден астам сабаң маяға салынды.

Колхозшылар мал фермаларының қасына жемішпен тасуды қызу қарқымен жүргізуде. Шөп тасуда колхоздың жүк

машинасы жұмыс істейді. Шофер Александр Зингер күн сайын екі рейс жасап, 80 центнерден астам шөп тасып жүр. Машинадан басқа шөп тасуға ондаған көлік арбалары бөлінген.

«Ленин туы» газетінің рейд бригадасы:

С. ТЕМІРБАЕВ. Аудандық «Социалистік еңбек» газетінің редакторы.

Р. ҚОЖИН, Еркіндік жетіжылдық

мектебінің директоры.

Т. КӘДІРОВ. (Арнаулы тілшіміз).

Сабан жыйналып алынды

машинасы жұмыс істейді. Шофер Александр Зингер күн сайын екі рейс жасап, 80 центнерден астам шөп тасып жүр. Машинадан басқа шөп тасуға ондаған көлік арбалары бөлінген.

Ә. ӨМІРОВ.

тарыларының бұл жұмысқа мән бермеулерінен болып отыр. Олар көбіне құрылыс жұмыстарын мердікер ұйымдарға тапсырады да, оның қалай жүргізіліп жатқанына көңіл аудармайды. Құрылыс жұмыстарының басшыларына қатаң талапты қоюды мүлдем ескермейді.

Көптеген жаңа совхоздарда құрылыс жұмыстарының баяу, қанағаттанғысыз жүргізілуіне «Совхознаб» мекемесі де кінәлі. Өйткені көп жерлерде пеш салуға керекті жабдықтардың, терезе әйнектердің тағы басқа құрылыс материалдарының жеткіліксіздігі істі едәуір бөгепте. Ал, бұл жағдай совхознабтағыларды абыр-жытатын емес.

Қыстың суық аяздары келетін мерзімге де санаулы күндер қалды. Сондықтан да құрылысшылар бригадалары қарқынды еңбек етіп, жұмыс өнімділігін арттыра түсулері керек. Кәзір механизаторлар да ла жұмыстарынан босап отыр. Ол босаған механизаторлардан құрылысшылар бригадаларын нығайтып, жаңа бригадалар ұйымдастырылғаны жөн.

Ұйымдастырылған жаңа совхоздарда тек қана құрылыс жұмыстары емес, сонымен бірге су мәселесі де шешілмей отыр. Құдық қазу, скважиндерді бұрғылау ісі Қарағанды және Булаев жер қазу разведкаларына міндеттелген болатын. Бұл разведкалар көптеген скважиндерді бұрғылап, бірнеше құдықтар жасады. Бірақ, ол қазылған құдықтар мен скважиндерді жабдықтау ісі тіпті жүргізілмеді. Мәселен Ишим, Интернационал, Тимирязев атындағы совхоздарда қазылған құдықтардың су тартатын қауғалары жасалмаған. Сондықтан да бұл совхоздың жұмысшылары осы күнге дейін суға тапшы болып отыр. Булаев және Қарағанды жер қазу разведкаларының бастықтары Федоров, Диденко жолдастар таяу күндер ішінде жерді бұрғылап құдықтар қазу жұмысын аяқтал бітірулері керек. Совхоздар министрлігінің құрылыс-монтаж басқармасының бастығы Сутюшев жолдас қысқа күндер ішінде құдықтар мен котловандарды тез салып бітіруге жанды басшылық жасауы тиіс.

Бұйығы жылы Ефросинья Пигалева жолдас өзінің қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан 1800 литр сүт алып, сүт сауудың жылдық жоспарын асыра орындады.

Ж. ӘЛМҰҚАНОВ.

Мальцевтің әдісі бойынша

Соколов МТС-нің механизаторлары колхоз ғалымы—Терентий Семенович Мальцевтің әдісін колхоз өндірісіне кеңінен енгізуде. Бұйығы күзде МТС-тің қамтуын дағы барлық колхоздарда Мальцевтің әдісін қолдану үшін арнаулы тәжірибе участютері бөлінді. Киров атындағы колхозда жұмыс істейтін № 9 трактор бригадасы қайырмасыз плугпен 50 гектар жер жыртып. Сол сыяқты, Сталин атындағы колхоз да қайырмасыз плугпен жырту үшін 150 гектар жер бөлді.

Ж. НҰРАҚАНОВ.

Үстіміздегі жылы жаңа совхоздардың барлығы радиоландырылып, Преснов, Октябрь совхоздары телефондандырылуы керек еді. Бұл міндетті облыстық байланыс мекемесі басқарады. Совхоздарды радиоландыру жұмысы аяқталды. Бірақта радиотарабы осы күнге дейін жұмыс істемейді. Облыстық тұтынушылар қоғамы бұл жаңа совхоздарға радиоларды жеткізбей отыр. Көптеген радиолар қоймада жатыр. Сол сыяқты бұл жаңа совхоздарда телефондандыру жұмысы да өте баяу жүргізілуде. Тимирязев атындағы, Докучаев атындағы совхоздардың директорлары Зарицкий, Колтырин жолдастар телефон сымдары жүргізілетін қарағайларды тасып жеткізуді ұйымдастырмай отыр. Ал совхоздарға телефон байланысы өте қажет.

Жаңа совхоздарға келіп қоныстанушы жұмысшылардың мәдени тілек дәрежесін арттыруда облыстық тұтынушылар қоғамы жақсы жұмыстар істеуі керек. Алайда облыстық тұтынушылар қоғамының басшылары Писеуков және Зотов жолдастар бұл жаңа қоныстанушыларға қамқорлық жұмыстарын нашар жүргізеді. Жаңа совхоздарға осы күнге дейін керекті омыртқалармен, картоптармен қамтамасыз етпей отыр. Совхоздар магазиндерінде жұмысшылар кастюми, малақай, шөлі, лима тағы сол сыяқты көптеген қажетті товарлар сатылмайды. Бұл товарлардың барлығы аудандық тұтынушылар қоғамының қоймасында сақтаулы жатыр.

Қыстың түсуіне онша көп уақыт қалған жоқ. Сондықтан да жаңа совхоздардағы жұмысшылардың бұл суық күндерде ешнәрсеге мұқтаж болмауын ойластырған жөн. Совхоздардың директорлары мен бастауыш партия ұйымдары келген жұмысшыларды жұмыстың әр участюінде орынды пайдаланып, олардың қар тоқтауда, астық тазалауда, құрылыс жұмыстарында, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде өнімді еңбек етулеріне жетісуге тиіс.

В. БОЙЧЕНКО.

ҚКП обкомінің совхоздар бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

қорын жыйнап алмады.

Бірнеше жылдай қиыншылықтарды басынан өткізген соң ол Троицк қаласына келіп, медресеге оқуға қайтадан кіреді. Мұнда да ол бай пәкірттердің самауырын қоя, тамағын пісіру, соқыр сопыларға кітап оқып беруді көсіп етіп, күн көреді, бір жағынан оқудан да қол үзбейді. Жаз күндері кез келген жерде жұмыс істеп, күніне 15—20 тыйын ақша тауып күн көреді. Осы жылдарда капиталист, татар алпауыттарының бірі Рамиевтердің алтын приискасында жалданып жұмыс істейді.

Троицкіде оқып жүргенде Рафури көркем әдебиеттер оқумен қатты шұғылданып, газет, журналдармен таныса бастайды. Осы кезде ол орыс және шығыс әдебиетімен танысады. Оның әдебиетке құмарлығын, ізденгіштігін байқаған медреседегі кертартпа дүмшелер мен бай пәкірттер оны жақтыртпайды, Рафуриге жиіреністі қарайды.

1902 жылдарда Рафури Троицкідегі «Кызмет» атты кітапханаға келіп тұратын барлық газет, журналдарды, әдебиет кітаптарын үздіксіз оқумен шұғылданды. Рафуридің пәтері жаңалықты сүйетін пәкірттердің пікір алысып, көңілдегі сөздерін ашық айтатынын «мәжіліс үйіне»

Теміржолшылардың мәдени орны

В. И. Ленин атындағы клуб Петропавл станциясы теміржолшыларының шын мәніндегі мәдениетті түрде тынығу орнына айналған. Мұнда қысқа өзірлік жұмыстары да ойдағыдай жүргізілді. Клуб үйін жөндеуге және қосымша жабдықтар сатып алуға 40 мың сомға жуық қаржы жұмсалды. Клубтың кең концерт залы және фелері көркем нақыштармен, темір жол станциясының өндірістік табыстарын бейнелейтін диаграммалармен, өндіріс озаттарының суреттері қойылған құрмет тақталармен безендірілген.

Клуб дирекциясы партия комсомол ұйымдарымен бірлесіп отырып, теміржолшылар арасында қызықты кештер өткізіп, әртүрлі тақырыптарға лекциялар оқуды ұйымдастырып отырады. Мәселен, жақында саяси және ғылыми білімдер тарту қоғамының облыстық бөлімшесінің мүшесі Горвиц жолдас «Мәжбүрлікпен күрес» деген тақырыпта лекция оқыды. Сол сыяқты, «Ғылым мен діннің арасындағы қайшылық», «Еңбек тәртібін күшейту — еңбек өнімділігін арттырудың басты шарты» деген тақырыптарда да лекциялар оқылды.

Клуб үйінде көркем және саяси әдебиеттер кітапханасы мен бірге техникалық кітапханада жұмыс істейді. Оларды

АТА-АНАЛАРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА

Коммунизмнің болашақ құрылысшыларына тәрбие берудің алғашқы кезеңі бастауыш мектепте басталады. Оларды мектеп өмірімен, Отанымыздың ұлылығымен бірінші рет таныстыратын осы бастауыш кластың оқытушылары. Бұл жолда қаладағы № 1 жетіжылдық мектептің оқытушылары М. Маркелова, Т. Сладкова жолдастар иілікті еңбек етіп жүр.

Олар өздері оқытатын оқушыларды дұрыс оқып білуге, сауатты жазуға үйр-

революцияның қанат жаюына, жеңіске бір жол жетуіне барлық күш-жігерімен ат салысты.

Дарынды ақының творчествосы Октябрь революциясынан кейін ғана шын мәнінде өркендеуге мүмкіндік алды. Осы кездерде ол көптеген өлеңдер, прозалық шығармалар, тамаша лирикалық жырлар жазды.

Мәжит Рафури өзінің творчестволық қабілетінің гүлденген кезінде, 1934 жылғы 28 октябрьде Уфа қаласында қайтыс болды.

Башқұрттың халық ақыны өзінің 30 жылдық ақындық еңбегінің нәтижесінде бізге зор әдеби мұра қалдырды. Ақынның тамаша лирикалары мен жалынды өлеңдерінен басқа «Кедейлікпен өткен өмір», «Өмір баспалдағы», «Жарлылар», «Солдат әйелі Хамида», «Қара жүздер» атты ұзақ әңгімелері, «Жұмысшы» атты поэмасы, «Қызыл жұлдыз» пьесасы башқұрт әдебиетіне маңызын жоймайтын қазына болып қосылды.

Бұл күндері бақытты өмірге ие болған туысқан башқұрт халқы өздерінің сүйікті ұлы Мәжит Рафуридің есімін мақтанышпен атап, оны еске түсіреді.

Жақан СЫЗДЫҚОВ.

кітап қоры жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен, техникалық кітапханада 18 мыңға жуық кітап бар, ал кітап оқушылардың саны екі мыңға жетеді. Кітапхана жұмысына теміржолшылар белсене араласады. Дено кезекшісі В. Добровольский, ұста Игрицкий жолдастар тұрақты кітап оқушылар болумен бірге кітапханада фотомонтаж, кітап көрмелерін және кітап оқушылар конференциясын ұйымдастыруда кітапхана коллективіне үлкен көмек көрсетті.

Мұнда көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істейді. Оларды басқару қолынан іс келетін ынғалы, қабілетті адамдарға жүктелген. Мысалы, хор және би үйірмесін Данилов, драма және шекті аспаптар оркестрін Вартазарян, духовой оркестрді Стукан жолдастар басқарады. Бұл үйірмелерде жүздеген мүше бар. Олар теміржолшыларға арнап пьесалар, концерттер беріп тұрады, кәзір Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесіне арналған салтанатты кешке концерт әзірлеуде.

Ленин атындағы клуб коллективі өзінің жұмысын үлгілі ұйымдастыра отырып, теміржолшылардың шын мәніндегі тынығу орталығына айналыру үшін әлі де күш жұмсай береді.

М. БАЙҚАНОВ.

теді, коллективті құрметтеуге баулайды.

Мектепте ата-аналар лекторийі жұмыс істейді. Әрбір апта сайын мектепте туысқандар күні өткізіледі. Міне, ата-аналармен сойлайша тығыз байланыс жасау мектептің оқу-тәрбие жұмыстарына көп әсер етуде.

М. БАРАБАНОВА.

Мектептің туысқандар комитетінің мүшесі,

Жаңа совхоздардың жұмысшыларына қамқорлық күшейтілсін

Партиямыз бен үкметіміз еңбекшілердің, әсіресе, тың жерлерді игеру үшін жаңа жерлерге келген патриоттардың мәдени-тұрмыс жағдайын жақсарту беруге үнемі қамқорлық жасап келеді. Мемлекетіміз тек біздің облыста ұйымдастырылған жаңа совхоздарға құрылыстар салу үшін ғана 35 миллион қаржы босатты. Мұнымен бірге жұмысшылардың өздеріне үй салу үшін әрбір жаңа совхозға 70-85 мың сомнан кредит ашты. Совхоздар көптеген стандартты құрастырмалы үйлер, құрылыс материалдарын: ағаш, цемент, кірпіш, әйнек, шифер тағы басқаларын алуда. Совхоздардың назарын негізгі өндіріс жұмыстарынан басқа жаққа аудармау мақсатымен мемлекет арнаулы құрылыс ұйымдарын құрды және барлық құрылыс жұмыстарын жүргізуді осы ұйымдарға тапсырды.

Көптеген совхоздар мердікер (подрядші) ұйымдармен тығыз ынтымақтаса отырып, едәуір жұмыстар істеді. Осының нәтижесінде өте қысқа уақыт ішінде құлазыған далаларда жұмысшылардың көрікті поселкелері пайда болды.

Дзержинский атындағы, Хрущев атындағы совхоздардың орталықтары көрікті жұмысшылар поселкесіне айналды. Бұлардағы жұмысшылардың барлығы және олардың семьялары жақсы тұрғын үйлерге орналасқан. Көпшілік мәдени орындар салынған. Бұл поселкелерде кәзір электр жарығы жарқырап жанады.

Сол сыяқты Жданов атындағы совхоздың құрылысшылары да мемлекеттен құрылыс жұмыстары үшін босатылған 2,4 миллион сом қаржыны толық меңгерді. Мұнда қысқа уақыттың ішінде 27 стандартты тұрғын үйлер, жатақханалар және жұмысшылар үшін 12 үй, асхана, нан пісіретін орын, қоғамдық монша және астық қоймалары салынды. Маленков атындағы, Булаев совхоздарының құры-

лысшылары да айтарлықтай жұмыс істеп, совхоз жұмысшыларын жақсы пәтер үйлермен толық қамтамасыз етті.

Дегенмен, бірқатар жаңа совхоздарға құрылысшыларды қатынастырып, тұрғын үйлермен, көпшілік орындармен қамтамасыз ету ісі нашар екенін айта кетуіміз керек. Бұл алдымен Олифер жолдас басқаратын Петропавл «Совхозстрой» мекемесінің жаңа совхоздардағы құрылыс жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізілуін болып отырған жағдай. «Совхозстройдың» қызметкерлері өздеріне тапсырылған іске жауапсыз қарайды. Сол сыяқты құрылыс-монтаж басқармасы да (бастығы Попов жолдас), Докучаев атындағы, Украин совхоздарында құрылыс жұмысын нашар жүргізіп келеді. Тіпті Попов жолдасының өзі уақыттың көбін кеңседе отырумен өткізіп жүр. Құрылыс жұмыстарының басы-қасында өте сирек болады. Жұмысшылардың жыйналыстарына қатынаспайды. Ол құрылыс жұмыстарын басқарудың, ұйымдастырудың орнына, көбінесе істегі орын алып отырған кемшіліктерді болмашы дәлелдермен ақтағысы келеді.

Көп совхоздарда құрылысшылардың еңбегі төзгісіз нашар ұйымдастырылған. Құрылыс бригадаларына тапсырмалар алдын-ала берілмейді. Сондықтан олардың көбі жұмыс уақытын босқа өткізеді. Бұл совхоздар үшін еліміздің басқа аудандарынан келген құрылыс ағаштары, кірпіш тағы басқа құрылыс материалдары Мамлют станциясында үйіліп жатыр. Бірақ құрылыс ұйымдары, Петросьян жолдас оларды құрылыстар салынатын орындарға тасып жеткізу жұмысын ұйымдастырмай келеді.

Совхоздарда құрылыс жұмыстарының төзгісіз нашар жүргізілуінің тағы бір себебі бұл совхоздардың директорлары мен партия ұйымдарының секре-

Еңбекшілердің шағым, арыздарына деркезінде құлақ асып отыру керек

Әрбір совет мекемесіне күн сайын еңбекшілерден хаттар түсіп отырады. Жұмысшылар мен қызметшілер шаруашылық және мәдени құрылыстың қай саласында болса да жұмысты қалай жақсарту қажет екендігі жөнінде ұсыныстар енгізеді. Совет аппараттарындағы жеке звенолардың жұмысындағы кемшіліктерді хабарлайды және өздерінің жеке шағымдарын білдіреді.

Көптеген мекемелердің басшылары еңбекшілерден түскен әрбір хатқа деркезінде, ұқыптылықпен құлақ асып, онда айтылған кемшілікті жоюдың нақтылығы шараларын қарастырады, еңбекшілердің әділ талабын орындауға қамқорлық жасайды.

Алайда, кейбір мекемелерде еңбекшілердің шағым, арыздарын шешуге немкетті қарайтын тонмойындар жоқ емес екендігі қалалық прокуратура жүргізген тексерісте айқын көрінді.

Мәселен, қалалық коммуналдық шаруашылықтың қалалық тұрғын үйлер басқармасында түскен шағым, арыздарды шешуге өте-мөте жауапсыз, жеңіл-желпі қараушылық фактілері орын тепкен. Мұнда еңбекшілерден түскен шағым, арыздар дұрыс тіркелмеген, сондықтан түскен шағым, арыздың нақтылығы санын анықтаудың өзі қиын. Шағымдарды тіркейтін кітапша ұқыпсыз толтырылады. Осы жылғы 27 августа 235-нөмермен азамат Зеленовтың шағымын тіркетеінде оның фамилиясы мен үй адресі ғана жазылған, ал, шағымның мазмұны, шағым бойынша қандай шара қолданылғандығы көрсетілмеген. Сол сияқты, басқа да тіркелген шағым, арыздардың қалай шешілгендігі, оларға жауап берілген, берілмегендігі жөнінде ештеңе жазылмаған.

Бұл мекемеге түскен шағым, арыздар қаралмай, шағым иелерінің тілегі қанағаттандырылмай бір ай және одан да ұзақ уақыт бойына жатып қалады. Бұған дәлел ретінде мына мысалдарды айта кеткен жөн. Осы жылғы 10 июльде тұрғын жеткен коммуналдық үйлерді сатуы сұрап қала азаматтарынан 10 арыз түскен. Міне, бұл арыздың бірде-біреуі 1 сентябрьге дейін қаралмай бір айдан астам уақыт бойы жатып қалды.

Азамат Фирулев пәтер үйін ауыстырып беруді сұрап қалалық Советке арыз жазды. Бұл арыз қаралмастан қалалық Совет атқомінде 86 күн жатқаннан кейін арыз қалалық тұрғын үйлер басқармасына жіберілді. Бұл арыз қаралу былай түрсын, тіпті түскен хаттарды тіркейтін кітапшаға да тіркелмей қалалық тұрғын үй басқармасының бастығы Мурашкиннің үстелінде тағы да 8 күн жатып қалды. Сөйтіп, Фирулевтің арызы 94 күн бойына қаралып, тағдыры шешілмей қалып қойды.

Атап айтқанда, қалалық Совет атқомінде де еңбекшілердің арыздары мен шағымдарының тағдырын шешуде төзгісіз жағдай орын теуіп отыр. Көптеген арыздар бір ай өткеннен кейін қаралады, көп реттерде олардың иелеріне үстірт жауап берілмейді. Уақыт өте-өте, еңбекшілердің шағымдары мен арыздарының тағдырын шешуге бұл сияқты төрешілікпен атүсті қараушылық совхоздар тресінде де жоқ емес. Мұнда күн сайын тың және тыңайған жерлерді игеруге келген ондаған жұмысшылар шағым, арыздармен келіп тұрады. Бірақ олардың көпшілігі өздерінің арыздарына деркезінде жауап ала алмайды, ал, жауап алған күнде қанағаттанарлық жауап алмайды.

арызы немен тыңандығын білмей қалып қоятындығы сияқты фактілер де жоқ емес.

Азамат Голубевтің үй іргесіндегі жердің басқа адамға бөліп берілуі заңсыз екендігі жөнінде 1953 жылы қалалық Совет атқоміне берген арызы бір жылдан астам уақыт жатып қалды. Мұндай арыз облыстық Совет атқоміне де түсті. Облыстық Совет атқомі осы жылғы 22 майда Голубевтің арызын қалалық Совет атқоміне жіберіп, 3 күн ішінде қарауды және жауабын облыстық Совет атқомі мен шағым иесіне хабарлауды тапсырды. Бұл жолы да қалалық Совет атқомі бір айдан кейін ғана арыз бойынша тексеріс жүргізуді бір депутатқа тапсырды. Депутат тексеріп, шағым иесінің арызы орынды, оның тілегін қанағаттандыру қажет екендігі жөнінде өз пікірін жазды. Іс сонымен тынды. Ешқандай шара қолданылмады да, нәтижесі облыстық Совет атқомі мен шағым иесіне хабарландырылмады да.

Еңбекшілердің шағымдары мен арыздарының тағдырын шешуге бұл сияқты төрешілікпен атүсті қараушылық совхоздар тресінде де жоқ емес. Мұнда күн сайын тың және тыңайған жерлерді игеруге келген ондаған жұмысшылар шағым, арыздармен келіп тұрады. Бірақ олардың көпшілігі өздерінің арыздарына деркезінде жауап ала алмайды, ал, жауап алған күнде қанағаттанарлық жауап алмайды.

Мәселен тың игеруге келген азамат Кениг совхоздар тресінің директоры Зенченко жолдастың атына арыз жазып, қарызға ақша беруді сұраған. Ол өзінің арызында совхоз директоры оның бұл тілегін қанағаттандырмағандығын ашып айтып жазды. Соған қарамастан тресетілер арызды оқып шығуды қиын-сынып арыз иесіне қарыз беруді совхоз директорынан сұрау керек деп түсінік берген. Міне, мұның өзі совхоздар тресінде еңбекшілердің шағым, арыздарына деркезінде мұқият құлақ асып отырмау, шағым иелеріне төрешілікпен атүсті жауап беру сияқты зиянды әдеттің орын алып отырғандығын көрсетеді.

Еңбекшілердің шағымдары мен арыздарын, хаттарын қараудағы бұл сияқты кемшіліктердің орын алуын кейбір совет мекемелерінде бақылаудың жеткіліксіздігінен деп түсіну керек.

Еңбекшілердің шағым, арыздарына төрешілікпен атүсті қараушылықты қатты кінәлау керек. Өзіне сеніп тапсырылған іске немқұрайды қарайтын, қайрымсыз адамдарға совет аппарат қызметкерлері қатарында орын болмауға тиіс. Совет қызметкері — халыққа қызмет етеді. Олар еңбекшілердің барлық шағым, арыздарына үнемі деркезінде ұқыптылықпен құлақ асып, олардың тілегі мен мұқтажын неғұрлым толық қанағаттандыруға, совет адамының мүддесін, оның мызғымас азаматтық правосын қорғауға міндетті.

К. ПАК,

Социалистік егіншілік тәжірибесінің қазынасы

ПРАГА, 25 октябрь. (СОТА). «Рудеправо» газеті «Социалистік егіншілік тәжірибесінің қазынасы» деген тақырыппен Чехословакия делегациясының құрамында Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатынасқан кооператив мүшелерінің, агрономдардың машина-трактор станциялары мен мемлекеттік шаруашылықтар қызметкерлерінің пікірлерін жариялаған.

Москвадағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі, деп жазады газет, біздің уақытымыздағы үлкен оқығға болып табылады. Дүние жүзінде әлі күнге дейін бұл сияқты көрме болған жоқ. Оған жұрттың қызыға түсіп отырғанына алғашқы екі ай ішінде 53 мемлекеттен 627 шетелдік делегациялар көрмеде болғандығының өзі-ақ куә. Көрмеге қатысушылардың ішінде ешқайсысы да, соның ішінде шетелдерден келгендер де, көрмеге қойылған экспонаттар мен құрылыстарға сүйсінебі қалған емес. Көрме өзіне келушілерді тек жекелеген павильондардың сәулеттілігімен ғана сүйсіндіріп қоймайды, сонымен бірге, көрмелік қаланың жалпы тамаша жыйынтығымен сүйсіндіреді.

Бұл көрме советтік ауыл шаруашылығының революциядан бұрынғы жылдармен еш уақытта да салыстыруға болмайтын өрлеуін сенімді күшпен көрсетеді. Советтік деревнялар патша заманындағы деревняларға мүлдем ұқсамайды.

Көрмеде болған біздің ауыл шаруашылығымыздың қызметкерлері, деп атап көрсетеді «Рудеправо», кәзір практикада өздері алған тәжірибені қолдана отырып, егіншілікті СССР-ның алдыңғы қатарлы колхоздары, совхоздары мен машина-трактор станцияларының үлгілері бойынша ұйымдастыруда.

ҚЫТАЙДА АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ САЛЫНУДА

ПЕКИН, 25 октябрь. (СОТА). Қытай баспасөзінің хабарлағанындай, үлкен ормандары бар Кіші Хинган ауданындағы Сунгари өзенінің жағасында Қытайдағы алғашқы қағаз комбинатының құрылысы алаңы салына бастады. Бұл фабрика Совет Одағының демеуімен салынатын болады. Комбинаттың құрылысы 1957 жылы аяқталмақ. Ол қағаздың әртүрлерін жасап шығарады, соның ішінде электр өнеркәсібіне қажетті ток айырғыш қағаздар, авиация мен автомобиль өнеркәсібіне қажетті картон қағаздар, тағы басқаларын шығаратын болады. Өткен уақыттарда Қытай бұл қағаздарды басқа елдерден тасып әкелетін еді.

Қағаз комбинаты жаңа машиналармен жабдықталатын болады. Жұмыстың барлық процестері, комбинатқа ағаш материалдарын әкелуден бастап, қағаз шығаруға дейін толық механизацияландырылған және автоматтандырылған болады.

НОРВЕГИЯ ХАЛҚЫ СОВЕТ АРМИЯСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК НОРВЕГИЯ-

ССРО ҚАРУ-ЖАРАҚТЫ АЗАЙТУДЫ

ЖӘНЕ АТОМ ҚАРУЫНА ТЫЙЫМ

САЛУДЫ ДӘЙЕКТІЛІКПЕН

ТАЛАП ЕТУДЕ

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының тоғызыншы сессиясындағы Саяси комитетте күн тәртібінің екі пункті — қару сыздандыру жөніндегі комиссияның баындамасы және қару-жарақты азайту, жаппай қырып-жойтын қаруға тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция жасау жайындағы совет ұсынысы қатарынан талқылануда. Батыс державалардың кейбір өкілдерінің, ең алдымен АҚШ делегаттарының, Бас Ассамблеяның тоғызыншы сессиясында жасалған СССР ұсыныстары қарусыздандыру проблемасын шешу жолындағы оның «бірінші қадамы» болып табылады-мыс деген сылтауларының мүлде дәлелсіз екендігі дискуссияның барысында мейлінше айқын көрінуде. Ал объективтік фактілер бұған қарама-қарсы жағдайды — БҰҰ-ның бүкіл тарихында Совет Одағының жанталаса қарулануға қажырлылықпен қарсы шығып, қару-жарақты азайтуды, жаппай қырып-жойтын қаруға тыйым салуды жақтап келгенін көрсетуде.

1946 жылы болған Бас Ассамблеяның бірінші сессиясында Біріккен Ұлттар Ұйымының қару-жарақты жаппай азайтуды және атом қаруын өндіруге, оны соғыс мақсаттарына пайдалануға тыйым салуды қажет деп тануын дәл Совет Одағының өзі ұсынған болатын, бұл шаралардың орындалуын халықаралық бақылауды жүзеге асыру үшін Совет Одағы Хауісіздік Советінің системасына арнаулы комиссиялар құруды ұсынған болатын. Бас Ассамблеяның келесі сессиясында, 1947 жылы, Совет Одағы Біріккен Ұлттар Ұйымының соғыс өртің тұтандырушылар насихатын айыптауын талап етті. Бас Ассамблеяның 1948 жылы болған үшінші сессиясы қару-жарақты азайту және атом қаруын тыйым салу туралы СССР ұсынысын талқылаумен шұғылданды; Совет Одағы бұл салада нақты ұсыныстарды жүзеге асыруды, атап айтқанда, қару-жарақ пен қарулы күштерді бір жылдың ішінде үштің біріндей мөлшерде азайтуды ұсынды. Арада бір жыл өткеннен кейін, БҰҰ Бас Ассамблеясының төртінші сессиясында Совет Одағы Хауісіздік Советінің тұрақты бес мүшесінің қару-жарағын азайтуды көздейтін ұсыныстар және атом қаруына тыйым салу туралы конвенцияның жобасын тапсырды. Совет Одағының өкілдері Бас Ассамблеяның 1950 жылғы бесінші сессиясында және 1951 жылғы алтыншы сессиясында да осындай бағыт ұстады; СССР алтыншы сессияда атом қаруын өндіруді тоқтату және бұған дейін жасалған атом бомбаларын тек азаматтық мақсаттарға ғана пайдалану қажеттігіне назар аударды. Бас Ассамблеяның 1952 жылғы жетінші сессиясында жанталаса қарулануға қарсы бағытталған және халықтар арасындағы бейбіт ынтымақты жақтаған поляк қарар жобасын қолдаған совет де-

путз меморандумын алды, бұл меморандумның аса маңызды принциптілік қағидалары советтік көзқараспен үйлеседі немесе соған жақын келеді. Сонымен, Совет Одағы сессияға қатысушылардың позицияларын онан әрі жақындастыруға және келісілген қарарлар қабылдауға мүмкіндік тудырып отыр. Осыған назар аударса келіп, БҰҰ-дағы совет делегациясының басшысы А. Я. Вышинский былай деп атап көрсетті: Совет Одағы атом қаруының қатерінен және дүниежүзілік жаңа соғыстың хауісінен адамзатты құтқаруға қажырлылықпен күш сала отырып, өзінің бейбітшіл сыртқы саясатының аса маңызды принципін — мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүру принципін дәйектілікпен ұстан келеді.

БҰҰ Бас Ассамблеясы тоғызыншы сессиясының Саяси комитетінде қару-жарақты азайту және жаппай қырып-жойтын қаруға тыйым салу мәселелерінің талқылануы совет ұсыныстарының батыста барған сайын өзіне зор назар аударып отырғанын көрсетеді. Шетелдік баспасөз сонымен қатар СССР ұсыныстарын бірешыра делегациялар түсініп отыр деп көрсетуде. Мысалы, Сирияның өкілі Совет Одағы енгізген ұсыныстарда ұлы державалардың позицияларын жақындастыру көзделіп отыр деп атап көрсетті. Ұлы державаларды «келісімге жетуге ұмтылған талап көрсетуге» шақырған Египеттің өкілі де осындай рухта сөз сөйледі. Сессияда сөйлеген бірқатар басқа делегаттардың сөздері де, соның ішінде Филиппин өкілінің сөзі де совет ұсыныстарының маңызды екенін түсінетіндікті көрсетеді.

Қару-жарақты азайту және жаппай қырып-жойтын қаруға тыйым салу проблемасын іс жүзінде шешуді қамтамасыз етуге ұмтылған СССР-ның талабынан айнымайтын совет делегациясы өзінің ұсыныстарымен байланысты барлық мәселелерді төзімділікпен түсіндіріп, халықтардың халықаралық бейбітшілігі мен хауісіздігін баянды етуге күш салуда.

ГЕРМАН ХАЛҚЫНЫҢ ЕРКІ

«Герман халқының бейбітшілік пен бірлікке ұмтылған еркіндік күетті демонстрациясы». Герман Демократиялық Республикасында 17 октябрьде болған Халық палатасы мен округтік депутаттар жыйналыстары сайлауының қорытындыларын Германия мен басқа елдердегі демократияшыл жұртшылық міне осылай деп сыйпаттауда.

Жұртқа мәлім, ГДР-дегі сайлау демократиялық Германияның Ұлттық майданының ұрандарымен өтті, ал Ұлттық майдан герман мәселесін Германиямен бітім договорын жасау, оккупациялық әскерлерді оның территориясынан әкету және жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу негізінде шешуді жақтап шығуда. Ұлттық майданның программасында Германияның бірлігін бейбітшілік және демократиялық негізде шешу міндетіне баса көңіл бөлінуде.

Республиканың халқы Ұлттық майданның программасына өзінің толығымен қосылатынын сайлауда айқын көрсетті.

нәрсені бүкпестен ашық айтайық: Батыс Германияны қайта қаруландыру қарапайым халықтың арасында ұнатылмай отыр, ал жастардың көпшілік бөлегі арасында ол жігер тудырмай, қайта одан басқаның бәрін тудыруда».

ГДР-дегі сияқты, Батыс Германиядағы қарапайым адамдар Бонн Республикасын қаруландыру және оны Қурама Штаттар басқаратын батыс мемлекеттерінің соғыс топтарына қосу туралы Лондон қарарларын айыптауда.

Бірақ АҚШ билеуші топтарының герман халқының үнімен және өмірлік мүдделерімен санасқысы келмейді. АҚШ-тың қысып жасауымен Батыс Германияны қаруландыру туралы Лондон қарарлары қабылданғаннан кейін американ дипломаттары герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларын нақты іс жүзіне асыруға тиісті негіз әзірлеуге асығуда. Осы мақсатпен Парижда Лондон конференциясына бұрын қатысқандардың арнаулы келіссөздері ұйымдастырылды. Баспасөздің хабарларына қарағанда, келіссөздерге қатысушы американдар бұл келіссөздерді «батысевропалық одақ» дейтінді ұйымдастыру үшін пайдалануға әрекеттенуде, бұл «Одаққа» Англиямен, Франциямен, Бельгиямен, Голландиямен, Люксембургпен және Италиямен қатар, қаруландырылып жатқан Батыс Германия да қосылады. Басқа сөзбен айтқанда, өңгіме сәтсіздікке ұшыраған «европалық қорғаныс бірлестігінің» орнына жаңа соғыс блогін құру жайында болып отыр; «жаңа» блок құру жоспары Батыс Германияда гитлерлік типті соғыс машинасын қайта тудырудың ескі жобаларына негізделіп отыр.

Батыс Германияны қаруландыру туралы Лондон қарарлары сияқты, Париждағы келіссөздердің мақсаттары да герман халқының ғана емес, сонымен бірге барлық басқа ұлттардың да мүдделеріне қайшы келеді. Көрнекті лейбористік қайраткер Бивен, Батыс Германияны милитарландыру жөніндегі жаңа шараларды айыптай келіп, былай деп мәлімдеді: «Германияны бейбіт шарттармен біріктіру үшін Совет Одағының ұсынысын қарсы алуға жаңа әрекеттер қашан жасалғанға дейін, біз тоғыз — он бесінше (Лондон конференциясы — П.Р.) қол жеткен келісімді бекітуге кіріспеуге тиіспіз».

АНГЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛДЕР

Соңғы апталарда Англияда ереуіл қозғалысы едәуір өрістей түсті.

Сентябрьдің өзінде Лондонда кеме жөндеушілердің ереуілі басталған болатын, бұл ереуіл кәсіп иелерінің өздеріне ұнамайтын жұмысшыларды жұмыстан шығарған заңсыздық әрекетінен туды; ереуілге 8 мыңнан аса адам қатысуда. Ал 13 октябрьден бері Лондон автобустары мен троллейбустарының қызметкерлері ереуіл жасауда; бұл ереуіл еңбек жағдайының нашарлауына қарсы наразылық білдіру ретінде жарияланған; ереуілшілердің саны 18 октябрьдің өзінде-ақ 20 мыңнан асқан. Еңбек жағдайын жақсартуды талап етуші Англия докшілерінің ереуілі барған сайын

Бастама қолдау тапты

Совет ауданының колхозшылары, МТС, совхоз қызметкерлері Қостанай облысы, Таран ауданы колхозшыларының, МТС, совхоз жұмысшыларының және интеллигенциясының село мәдени ошақтарының жұмысын барынша жақсарту туралы республиканың барлық еңбекшілеріне үндеуін қанағаттанарлық сезіммен қарсы алды. Бұл күндері тарандықтардың бастамасын аудан еңбекшілері көпшілік жыйналыстарында кеңінен талқылауда. Мұнда олар өздерінің, күш-мүмкіншіліктерін жан-жақты есептей отырып, мәдени ошақтарын қысқа үлгілі әзірлеуге, оларды отынмен қамтамасыз етуге міндеттенуде. Сол сияқты, кітапхананы жаңа әдебиеттермен толықтыру үшін қаржы бөлінуде.

Кәзірдің өзінде Аманкелді атындағы колхоздың оқу үйі, Совет МТС-і механизаторларының клубы қысқа толық әзір тұр. Олар қысқа керекті отынмен толық қамтамасыз етілген. Аманкелді атындағы оқу үйінің меңгерушісі Рақымжанова, Совет МТС-і механизаторлары клубының меңгерушісі Куприянцева жолдастар тұрақты кітап оқушылардың санын көбейтіп, әдеби кештер өткізуге, түрлі тақырыпта лекциялар оқуға жете көңіл бөліп отырады. Аталған мәдениет ошақтары кітапхана активінің көмегімен арнаулы жоспар жасаған. Мұнда қыс күндері істелінетін жұмыс түрлері көрсетілген.

Сол сияқты, Совет ауданының орталығы—Смирнов поселкесінде жаңадан кітапхана үйі салынып, ол пайдалануға

берілді. Жаңа кітапхана үйі аудандық кітапхананың және балалар кітапханасының үлгілі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Кітапханада 100 адам сыятын арнаулы кітап оқушылар залы бар. Күн сайын бұл залда жаңа газет, журналдар, көркем әдебиеттер оқын отырған көптеген адамдарды көруге болады.

Аудандық кітапхананың кітап қоры жыл сайын жаңа кітаптар есебінен толықтырылуда. Кәзір ондағы саяси, ғылыми, ауылшаруашылық, техникалық, көркем әдебиеттердің саны 13 мыңнан асады. Мұнымен бірге, ауыл шаруашылығы озаттарының жұмыс үлгілерін кеңінен насихаттайтын көптеген кітапшалар да бар.

Кітапхананың кітап қоры көбеюіне байланысты кітап оқушыларының саны да артуда. Аудандық кітапхананың меңгерушісі Дворничкова жолдас кітапхана активінің көмегімен әдеби кештер, кітап оқушылар конференциясын өткізіп отырады. Бұған мамандар, мұғалімдер және Смирнов станциясының теміржолшылары белсене қатысады.

Ауданның ауыл-село мәдениет ошақтары тарандықтардың бастамасын бір-ауыздан қолдай отырып, колхозшы шаруалар мен механизаторларды, совхоз жұмысшыларын мәдениетті қамтуды бұдан да жақсартып береді. Сөйтіп, аудан еңбекшілерінің күн санап өсіп отырған мәдени тілегіне сай үлгілі жұмыс істеуге жетіседі.

С. ҚАЮМОВ.

Техникалық мектепте

Петропавл темір жол станциясындағы техникалық мектептің жұмыс істей бастағанына быыл 15 жылдан асты. Осы мерзім ішінде мектеп Омбы және Қарағанды темір жолдарында жұмыс істеу үшін мыңнан астам жол мастерлерінің байқаушыларын, кондукторлар мен көчегарлар, машинистер дайындап шығарды. Олар мектепте алған білімдерін өндірісте кеңінен пайдалана отырып, еңбекте үздік табыстарға жетуде. Станцияның таңдаулы адамдары—аға байқаушы Трегубенко,

аға машинист Слюнько, машинист Демилов және басқалары алғашқы темір жол мамандықтарын осында алған болатын.

Мектеп білімді, маман оқытушылар кадрларымен қамтамасыз етілген. Олардың көпшілігі мектептің құрылғанынан бері сабақ беріп жүр. Быыл мұнда 180 адам оқыйды. Олар машинист, машинисттің көмекшісі, поезд-вагон мастері мамандықтарын алып шығады.

М. БОРЦОВ.

Аңшылардың табысы

Октябрь ауданының аңшылары қасқырларды көптеп ұстай бастады. Мәселен, жақында Октябрь аудандық Орман шаруашылығының директоры Нұртасин жолдас Сталин атындағы колхоздың маңынан төрт қасқыр соғып алды. Сол сияқты, қарт аңшылар Шегенов Сәкен және Жантілеуов Қабдолла екі қасқыр ұстады.

Колхоз шаруашылығына зиян келтіретін жыртқыштарды құртуға белсене қатысқаны үшін Нұртасин жолдас колхоздан 800 сом ақшалай сыйлық және Шегенов, Жантілеуов жолдастар да әрқайсысы 200 сомнан сыйлық алды.

Б. ҚАЙЫРОВ.

ЕТУІНІҢ ОН ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТУДЕ

ОСЛО, 25 октябрь. (СОТА). Совет Армиясының Солтүстік Норвегияны ұлат етуінің он жылдығын мейрамдаумен байланысты кеше Ослода совет жауынгерлеріне қойылған ескерткіш маңында көп адам жыйналған митинг болды. Оған қаланың мері Осло Буль бастаған қала өкімет орындарының өкілдері, Норвегиядағы ССРО Елшілігі, «Норвегия—ССРО» Ғоғамы, Норвегияның Коммунистік партиясының және әртүрлі кәсіпшілер одағының өкілдері қатынасты. Ескерткіштерге гүлдер қойылды. Митингте қаланың мері Осло Буль сөз сөйлеп, «Біз өзіміздің одақтастарымызға өзіміздің бостандығымызды қайтадан жеңіп алуға көмектескендігі үшін алғыс айтамыз» деді.

Митингте, сол сияқты, «Норвегия—ССРО» Ғоғамының председатели Хенрик Финне, Норвегия Компартиясы председателинің орынбасары Франд Йогансен, Норвегия коммунистік жастар одағының және кәсіпшілер одағының өкілдері сөз сөйледі.

Газеттер, сондай-ақ, Берум коммунасы бейітінде жерленген совет солдатты зыйратының маңында да митинг болды, деп хабарлайды. Зыйратқа гүлдер қойылған.

ПАКИСТАН ҮКМЕТІНІҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУЫ

ЛОНДОН, 25 октябрь. (СОТА). Бұдан бұрын хабар етілгендей, Пакистанның генерал губернаторы елге төтенше жағдай енгізіп, құрылтай жыйналысын таратып жіберді және премьер-министр Мохаммед Алиге үкметті қайтадан құруға бұйрық берді.

Рейтер агенттігінің бүгін хабар етуі бойынша, Мохаммед Али жаңа үкметті құрған. Премьер-министр Мохаммед Али өзіне сыртқы істер министрлігі мен коммуникациялық министрдің орын алды. Бұл орындарда бұрын Захурли Хан мен Бахадур-хан отырған еді, олар кәзір үкмет құрамына еңбей қалды. Қорғаныс министрі болып Пакистан армиясының бас команданшасы генерал Мохаммед Айюб-хан белгіленді. Бұрынғы министр, кәзір жаңа үкмет құрамына еңбей қалған Гурманидің орнына ішкі істер министрі болып Искандер Мурза тағайындалды. Өнеркәсіп пен сауда министрі болып М. А. Х. Ислахани тағайындалды, хабар тарату министрі және оқу ағарту министрлігіне Гулям Али Тальпур тағайындалды.

Бұрынғы орындарында финансы және экономика министрі Мохаммед Али Чоудхури және денсаулық сақтау, қоғамдық жұмыс пен еңбек министрі Абдул Малик қалды. Бұлардан басқа мемлекеттік қорғаныс министрі Амир Азан-хан мен мемлекеттік финансы министрі Мортава Раза Чоудхури бұрынғы орындарында қалдырылды.

Совет Одағы өткен жылы болған сегізінші сессияда да осы мақсаттарға жетуді бағыт талап етті; совет делегациясы атом қаруына тыйым салу және қару-жарақ пен қарулы күштерді азайту жөніндегі практикалық шараларды жүзеге асыру үшін халықаралық конференция шақыруды ұсынды.

Біздің елдің қару-жарақты азайту және жаппай қырып-жоютын қаруға тыйым салу жолындағы өз күресінде әрқашан да бір ғана бағыт ұстап келгені және ұсған отырғаны совет ұсыныстарына жасалған осы қысқаша шолудың өзінен-ақ айқын көрінеді. БҰҰ Бас Ассамблеясының кәзіргі, тоғызыншы сессиясындағы совет делегациясының позициясы да бұл бағыттың тікелей сабақтас жалғасы болып табылады. Халықтар үшін аса маңызды проблеманы практика жүзінде шешуді жеңілдету үшін Совет Одағы тоғызыншы сессияға енгізген өз ұсыныстарының негізіне 1954 жылғы 11 июньдегі ағылшын-фран-

Француз халқының наразылығы

ПАРИЖ, 23 октябрь. (СОТА). Батыс елдері басшы топтарының «Батыс-европалық одақ» деген атпен бүркемелен Батыс Германияны қаруландыру жоспарын жүзеге асыруға тырысушылықтары Француз жұртшылығының қатты наразылығын тудыруда. Солтүстік-атлантикалық одақтың мүшелері—14 елдің сыртқы істер министрлері мен канцлер Аденауэр мәжіліс өткізіп жатқан Шайо сарайына күч сайын елдің барлық аудандарынан француз еңбекшілерінің ондаған делегациялары келуде. Олар келіссөздерге қатысушыларға қарарлар мен петициялар тапсырып, оларда коммундар, кантондар мен қала кварталдарының тұрғындары, заводтар мен мекемелердің жұмысшылары және қызметкерлері агрессиялық жаңа вермахты құруға жол бермейтіндіктерін айтады.

ИРАНДА ОППОЗИЦИЯ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ЖАЗАЛАУ

ТЕГЕРАН, 25 октябрь. (СОТА). «Ферман» газетінің хабарлауы бойынша, 24 октябрьден 25 октябрьге қараған түні бірінші инстанциялық соғыс соты бригадасы генералы Садегидің председателдік етуімен оппозициялық ұйымдарға жатады деп анықталған офицерлердің төртінші тобының ісі бойынша үкім шығарды. Офицерлер Манучехри, Минунеджад, Ба-сири, Аболькасем Заде және Каракуи өлім жазасына кесілді, Назари, Пурмохтар өмір бойы түрмеде отыруға үкім шығарылды.

Барлық жазаға кесілгендер шығарылған үкім жөнінде жоғары сот инстанциясына жолдама арыз берді.

жүз процент түгел дерлік (99,46 процент) осы майданның кандидаттары үшін дауыс берді. Сөйтіп, Германияның Шығыс бөлігінде тұратын немістер бүкіл герман халқының шын мәнісіндегі өмірлік мүдделерін қорғауға өздерінің әзір екенін тағы да көрсетті.

ГДР халқының мұндай позициясы адал ниетті барлық немістердің ең көкейтесті тілектеріне толық сай келеді. Батыс Германияны қаруландыруға ұмтылған және Германияны бейбітшілік, демократиялық негізде біріктіруге жол бермеуге тырысын отырған АҚШ билеуші топтарының саясатына қарамастан, Бонн федералдық республикасы халқының басым көпшілігі елдің бейбіт, тәуелсіз және демократиялық жолмен өркендеуіне барынша мүдделі болып отыр. Батыс-германиялық «Зюддейче цейтунг» газеті, федералдық республикадағы халықтың көзқарасын сыйпаттай келіп, былай деп жазған: «Бір-біріміздің алдымызда еш-

лері инициатор болып, соның ізінше оны докшілердің басқа ағылшын порттарындағы жолдастары белсене қолдады; кәзір ереуілде 51 мыңнан аса адам, яғни Англияның барлық порт жұмысшыларының үштен екісі қатысуда. Рейтер агенттігі Англияда соңғы отыз жылдың ішінде порт жұмысшыларының мұндай ірі ереуілі болып көрген емес деп атап көрсетуде.

Ағылшын докшілері ереуілінің ерекше сыйпаты сол, бұл ереуіл транспорт жұмысшылары мен мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіподағының оңшыл басшылығының ереуілшілер күресін сәтсіздікке ұшыратуға тырысқан әрекеттеріне қарамастан өрістетілуде. Мұның өзі осы басшылардың арасында аса күшті ашу-ыза тудырды. Транспортшылар кәсіподағының мүшелері Лондонда болған демонстрацияда кәсіподақтың басшылығын жаңартуды талап еткен.

П. РЫСАНОВ.

ГОМИНДАНДЫҚТАР ҚЫТАЙ ТЕРРИТОРИЯСЫНА ШАБУҢДЫ ЖАСАУДЫ ӘЛІ ТОҚТАТҚАН ЖОҚ

ПЕКИН, 24 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі былай деп хабарлайды: 22 октябрь күні таңертең Қытай Халық-азаттық армиясының жағаны қорғау бөлімшесі Чжэцзянь жағалауында соғыс әрекеттерін жасау үшін соғыс кемелерінің қорғауымен жағаға түсірілген чанкайишлік әскерлердің күшті қаруланған бір взводын қыйратып салды. Үш қолдат тұтқынға алынды. 21 октябрьде чанкайишлік екі самолет Фүцзянь провинциясындағы Юинин үстіндегі ауа кеңістігіне өтіп кетті. Халық-азаттық армиясы зенит артиллериясының оғымен чанкайишлік бір самолет зияндандырылды.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

Индияның көркемсуретті жаңа фильмі
«ДАУЫЛ»

Сеанстар сағат 3-5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«НЮРНБЕРГТЕН ШЫҚҚАН
ЭКСПРЕСС»

Сеанстар сағат 8-30 және 10-30-да басталады.

Темір ұсталары, слесарьлар, шоферлар, десятник, ағаш шеберлері, түрлі жұмысшылар керек.
АДРЕС: Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 111-үй.

Панфилов атындағы артельге жұмысшылар керек. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.
АДРЕС: Петропавл қаласы, Воллодаров көшесі, 84-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия және насихат бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02691.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.